

Сыр бойы

№169-170 (21045-21046) 8 қараша, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Вашингтонға сапары Мемлекеттік хатшы Марк Рубиомен, Сауда министрі Говард Латникпен, сондай-ақ АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азиядағы арнайы өкілі Серджио Гормен кездесуден басталды.

Басқосуға қатысушылар екіжақты және өңірлік күн тәртібінің басты аспектілері жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен АҚШ үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға, өнеркәсіп пен бизнесті қолдауға септігін тигізетін экономикалық ықпалдастық арқылы стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға орайлы мүмкіндік туғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, еліміз АҚШ-пен түрлі деңгейде белсенді саяси байланыс орнатқан әрі сан қырлы ынтымақтастықты тереңдету бойынша конструктивті диалог жүргізуге дайын.

2-бет

/// САПАР

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ БЕРЕДІ



Қызылорда облысы делегациясының Швейцарияға жұмыс сапары аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар ірі инвестициялық компания басшыларымен кездесті.

Сапардың үшінші күнінде Швейцарияның жетекші инвестициялық құрылымдарының бірі Inoks Capital SA компаниясының өкілі Николас Мэлкимен келіссөз жүргізді. Кездесуде тараптар ауыл шаруашылығы саласындағы әріптестікті кеңейту, оның ішінде мал шаруашылығын, құрама жем өндірісін дамыту және өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін тиімді пайдалану мәселелерін талқылады.

Облыс әкімі Қызылорданың инвестиция тартуға қолайлы жағдайларын, дайын инфрақұрылымы бар индустриялық аймақтар мүмкіндіктерін және аграрлық сектордың экспорттық әлеуетін таныстырды.

Швейцариялық тарап өзара тиімді серіктестік орнатуға және Қазақстан нарығында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық білдірді.

Сондай-ақ облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев швейцариялық Swiss Choice Holding SA компаниясының басшысы Завье Рей мырзамен кездесті.

Онда тараптар балық шаруашы-

лығы саласындағы ынтымақтастықты нығайту, ортақ инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Ардақ Темірханұлы Қызылорда облысының агроөнеркәсіптік және балық шаруашылығы саласындағы әлеуетіне тоқталып, өңірде 11 балық өңдеу зауыты жұмыс істейтінін, оның 4-еуі халықаралық стандарттарға сай сертифицикатталғанын атап өтті. Жыл сайын 5 мың тоннадан астам балық өнімі өңделіп, шамамен 4 мың тоннасы экспортқа шығарылады.

Тараптар бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және ұзақ мерзімді серіктестік орнату мәселелерін талқылады. Қызылорда облысының әкімдігі жобаларды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымдық және әкімшілік қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Кездесулер қорытындысымен швейцариялық әріптестер Қызылорда облысына арнайы сапармен келіп, өңірдің өндірістік, аграрлық және табиғи әлеуетімен танысуға шақырылды.

2-бет

СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗ: БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен сұйытылған газ мәселесі талқыланған жедел мәжіліс өтті.

Жиынға қала және аудан әкімдері, жетекші салалардың өкілдері қатысып, сұйытылған мұнай газымен тұрақты қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма жүктелді.

Облыс аумағындағы барлық операторлардың газ қорына мониторинг жүргізіп, қолдан тапшылықты болдырмау үшін талон арқылы сату және баға саясатына зерделеу жүргізілді. Заңнама талаптары бұзылған жағдайда нақты шаралар қабылданыр.

Полиция департаменті, облысқа бөлінген газдың басқа өңірлерге тасымалдануын болдырмау үшін шекараларға тәулік бойы кезекшілік орнатып, бақылауды күшейтті.

Біздің өңірге бекітілген сұйытылған газ басқа облыстарға кетпеуі тиіс. Бір күннің ішінде халықты газбен толық қамту мәселесін шешуді тапсырамын, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Сонымен қатар, газды коммерциялық нысандарға сатпай, бірінші кезекте халықтың сұранысын қамтамасыз ету міндеті жүктелді.



Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

/// МӘСЕЛЕ


АЛАЯҚТАР РӘСІМДЕГЕН НЕСИЕ НЕМЕСЕ БАНКТЕРГЕ ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЙЫЛДЫ?

Технология дамыған сайын алаяқтықтың да түр-түрі шығып, өзгенің атынан несие рәсімдеу, онлайн сауда жасау, қаржылық операцияларды орындау секілді қылмыстар азаймай тұр. Мәселен, облыстың өзінде былтыр 252 болса, жыл басынан мұндай қылмыстың 523 дерегі тіркелген. Демек екі есеге артқанын байқауға болады. Енді алаяқтардың арбауына түсіп, қарызға белшесінен батқандардың берешегін банк өз есебінен жабады. Қандай жағдайда?

Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары бірінші оқылымда-ақ мақұлданды. Қаулы қаржы ұйымдарында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен цифрлық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған. Бұл туралы әлеуметтік желіде депутат Мұрат Әбенев көптен бері қозғалып жүрген тақырыптың жай-жапсарын айтты.

Заң жобасының мақсаты мен міндеті қандай? Мәжіліс отырысында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова жан-жақты түсіндірді.

Егер несие клиенттің рұқсатынсыз берілсе және ол биометриялық тексеруден өтпесе, онда қарызды соттан тыс тәртіпте есептен шығаруға болады. Бұл тұрғыда қылмыстық қудалау органдарына өтінім тапсыру керек. Олар несие алаяқтық жолмен берілген деп тану туралы тиісті қаулы шығарады. Осының негізінде қарызды есептен шығаруға болады, – деді Мәжілістің жалпы отырысында. Оның айтуынша, соңғы екі жылда банктер жалпы сомасы 1,9 млрд теңгені құрайтын 1500 несие бойынша 1400 қарыз алушының берешегі есептен шығарылған. Бұл деректер азаматтардың өтінішімен қарызды соттан тыс есептен шығаруға қатысты. Мәселен, клиенттердің биометриядан өткенін жиі көреміз. Дегенмен, жалған биометрия жағдайлары да кездесіп жатыр. Мұндайда алаяқтықты сот арқылы дәлелдеу керек. Осы орайда сот тәртібінде қарызды есептен шығару негіздерін айтарлықтай кеңейттік. Егер несие толығымен клиенттің келісімінсіз берілсе, ол міндетті түрде соттың қарауынсыз есептен шығарылуы керек. Тиісті норма бар, оны іске асыру тәртібі Ішкі істер министрлігімен бірлесіп бекітілді, – деді агенттік төрағасы.



Коллаж жасаған Қ.Оразбаев

6-бет

АЛТЫН БАҒАСЫ АСПАНДАП БАРАДЫ

«Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» десек те, бағалы металға деген сұраныс қоғамда артпаса, кемімеқ емес. Содан болар құны күн өткен сайын шарықтап барады.

Мәселен, қазанның басында әлемдік нарықта алтынның бір трой унциясының құны 4 254 доллардан асып, рекордтық деңгейге жетті, ал Қазақстанда ресми курс бойынша 1 грамм алтынның құны 72,7 мың теңгеге өсті. Investing.com деректеріне сәйкес, 31 грамм алтынның бағасы 4 254 доллардан асты. Қазіргі валюта бағамымен бұл шамамен 2 295 720 теңгеге тең.

– Алтын бағасының өсуі жалпы экономикалық және геосаяси тұрақсыздықпен, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда шиеленістерімен, Америка экономикасының баяулауымен және қазан айында АҚШ федералдық резервтік жүйесінің пайыздық мөлшерлемені төмендетуі мүмкін деген болжаммен байланысты», – дейді сарапшылар.

6-бет

Валюта бағамы

\$ 526,79 kzt

€ 606,34 kzt

₽ 6,51 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+11°



-5°

Жексенбі



+12°



-3°

СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА СЕРПІНІ

Президент Вашингтонға сапары аясында халықаралық нарыққа шыққан отандық ІТ стартаптардың негізін қалаушылармен кездесті. Онда Мемлекет басшысына еліміздің алғашқы «сынамүйіз» стартапы – Higgsfield AI жасанды интеллектіге негізделген кинематографиялық сапалы бейнені генерациялауға арналған платформасы, Deerp Infra – машиналық оқыту модельдерін орналастыруға және іске қосуға арналған қызмет, Valinor – биотехнология саласындағы стартап, ARC Drones – автономды дрондарды әзірлеуші, сондай-ақ басқа да перспективті жобалар таныстырылды. Сондай-ақ Silkroad Innovations технология хабының қызметі туралы ақпарат берілді. Ол Кремний алқабында Орталық Азия елдерінің талантты жастары мен стартаптарына қолдау көрсетеді.

Кездесуге жалпы құны 1,4 миллиард долларды құрайтын 20-дан аса стартап өкілі қатысты. Бұл ұлттық ІТ экожүйесінің инновациялық әлеуетін танытады.

Мемлекет басшысы жоғары технология саласындағы отандық компаниялардың жетістіктерін жоғары бағалап, алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөніндегі стратегиялық міндеттің маңызын атап өтті.

– Президент ретінде баршанызды қолдаймын. Жұмыстарыңыз еліміздің болашағы үшін өте қажет. Цифрландыру мен HighTech мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі саналады. Мен бұл туралы Жолдауымда айттым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының мүшелері Джими Панеттамен, Кэрол Миллермен, Билл Хайзенгаммен және Сидни Камлагер-Дэвисен кездесті.

Президент АҚШ Конгресі Қазақстанмен достық байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, парламент мүшелеріне екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті ілгерілетуге қосқан үлесі үшін алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Конгрестегі Джими Панетта басқаратын «АҚШ – Қазақстан» достық тобы (кокус) қос халық арасындағы саяси диалогты тереңдетуге, экономикалық кооперация мен байланыстар аясын кеңейтуге ықпал етіп отырғанына назар аударды.

АҚШ – Қазақстанның ең ірі экономикалық серіктестерінің бірі. Құрама Штаттар еліміздің экономикасына 100 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Бұл – Орталық Азияға бағытталған жалпы инвестиция көлемінің 80 пайызы. Сонымен қатар Президент конгрессмендерге елімізде жүргізіліп жатқан жан-жақты саяси және экономикалық жанжалдар жөнінде әңгімеледі.

Конгресс мүшелері Қазақстанның әлеуетіне жоғары баға беріп, екі ел арасындағы сан қырлы байланыстардың дамуына қолдау көрсететіндерін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сөзті пайдаланып, Америка парламенттің өкілдерін екі елдің өзара тиімді ынтымақтастығын кеңейту мақсатында Қазақстанға сапарлап келуге шақырды.

1-бет



Қазақстан Президенті Chevron корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уиртті қабылдау барысында Теңіз және Қарашығанак кен орындарындағы мұнай мен газды игеру бойынша ауқымды жобаларды жүзеге асыруға Chevron корпорациясының қосқан үлесіне жоғары баға берді. Сондай-ақ Қазақстан тарапының шикізаты өндіру, өңдеу және тасымалдау салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін растады.

Мемлекет басшысы сонымен қатар америкалық сенатор Стив Дэйнисті қабылдауда қазақ-америка қатынастарын нығайтуға парламенттік дипломатияның қосқан үлесі талқыланды.

Президент АҚШ сенаторының Қазақстанға шынайы тілектес екенін атап өтіп, Республика күніне орай Конгрестің ресми мәлімдеме жасағаны үшін ризашылық білдірді. Бұл – елдеріміз арасындағы бұрыннан келе жатқан стратегиялық серіктестіктің дәлелі.

Кездесу соңында Президент Қазақстан мен АҚШ арасындағы байланысты нығайтуға қосқан үлесі үшін сенаторды І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдағанын жеткізді.

Қазақстан Президенті John Deere компаниясының ТМД және Орталық Азия елдері бойынша президенті Чабо Лейкомен де кездесті. Бұл ретте Президент John Deere компаниясымен серіктестікті саланы дамытуға ортақ ұмтылысты көрсететін өндірістік кооперацияның табысты үлгісі деп атады.

Мемлекет басшысы John Deere компаниясының Қазақстанның «Агро-маш» зауытымен серіктестік орната отырып, агроөнеркәсіп кешінен арналған техника өндірісінің локализациясы туралы қабылдаған шешімін қолдады. Бұл ынтымақтастық қазірдің өзінде оң нәтиже беріп отыр.

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Қызылорда облысының делегациясы Швейцарияға жұмыс сапары аясында Лауфен қаласына барып, санитарлық-техникалық бұйымдар өндіретін Laufen Bathrooms AG компаниясының даму жөніндегі директоры Фрэнк Либетраумен кездесті және керамика зауытының қызметімен танысты.

Laufen Bathrooms AG – Roca Group халықаралық компаниясының еншілес құрылымы. Бүгінде Қызылорда облысында Roca Group компаниясымен бірлесіп, санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісін салу жобасы іске асырылуда.

Маусым айында ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қызылорда облысының әкімдігі, Roca Group компаниясы арасында ұшжастық негіздемелік келісімге қол қойылды.

Айта кету керек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде Roca Group компаниясының жобасы таныстырылып, өңірде заманауи өндірісті дамыту жоспарлары ұсынылды. Президент бұл бастаманың аймақ экономикасын әртараптандыру мен жаңа жұмыс орындарын ашудағы маңыздылығын атап өтті.

Жобаның жалпы құны 70 млн еуро, өндірісті орналастыру үшін инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген «Өндіріс» индустриалық аймағынан 20 гектар жер телімі бөлінді. Зауат іске қосылғаннан кейін 500 жаңа жұмыс орны ашылып, жылына 500 мың санитарлық-техникалық өнім шығару жоспарланған.

1-бет



Кездесуде тауаптар өңір мамандарын Laufen компаниясының өндірістік алаңдарында тағылымдамадан өткізу және тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін қарастырды. Сондай-ақ делегация Laufen Forum көрме орталығында және кран өндірісінде болып, инновациялық шешімдерімен танысты.

Сапардың келесі бағыты – Берн қаласы. Мұнда аймақ басшысы су, газ, электр және жылу есептегіш құрылғыларын өндіруде 120 жылдық тарихы бар GWF MessSysteme AG компаниясының басқарушы директоры Марк Нойхауз және техникалық директоры Юрген Скрипальмен кездесті. Онда Қызылорда облысында су және энергия ресурстарын есепке алу жүйелерін жетілдіру, «ақылды есептегіш» технологияларын ен-

гізу, сондай-ақ осы бағытта бірлескен өндіріс құру мәселелері талқыланды. Мұндай жобалар аймақтың инфрақұрылымдық әлеуетін арттырып, импортқа тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында өңірдегі каналдарға осы компанияның 100 су есептегіші Ислам даму банкінің қаражаты есебінен, Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірлесіп, келер жылдың қаңтар айынан бастап орнатылады.

Сапар соңында облыс әкімі Қазақстан Республикасының Швейцариядағы төтенше және өкілетті елшісі Қайрат Саржановпен кездесті. Тауаптар екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және швейцариялық компаниялардан инвестиция тарту мәселелерін талқылады.

1-бет

қосылу туралы шешімін жоғары бағалап, бұл қадам өзге елдерді аталған бастаманы қолдауға үндейтінін атап өтті.

– Бұл – бүкіл әлемде ынтымақтастық орнатуда айтарлықтай алға ілгерілеу. Бүгінде көптеген ел Ибраһим келісімдері арқылы бейбітшілік пен өркендеу жолын таңдап отыр, – деді Дональд Трамп.

Мемлекет басшысы «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысты.

Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, C5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

– Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тұжырымдаманыңды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған ролін айтарлықтай күшейте түстіңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

– Қазақстан мен АҚШ арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ – Қазақстанға 100 миллиард доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 миллиард доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания бизнес жүргізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

– Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайтадан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тұжырымдаманыңды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тұрақтылыққа тірек болған ролін айтарлықтай күшейте түстіңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ақ үйдегі кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ президенттері Израиль Премьер-министрі Беньямин Нетаньяхумен телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан Республикасының Ибраһим келісімдеріне қосылуы әңгімелесудің арқауы болды.

Мемлекет басшысы Президент Трамптың Тауы Шығыста бейбіт өмір орнатуға нақты алғышарттар жасап, көпшілік күмәнмен қараса да, елеулі нәтижелерге қол жеткізгеніне назар аударды. Ибраһим келісімдеріне қосылу арқылы Қазақстан қақтығысты еңсеруге, диалогты ілгерілетуге және БҰҰ Жарғысы негізіндегі халықаралық құқықты қолдауға үлес қосады. Қазақстанның бұл шешімі ешбір мемлекетпен екіжақты қатынастардағы міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді. Бұл – бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуды көздеген көпжақты дипломатияның заңды жалғасы әрі нақты көрінісі.

АҚШ президенті Дональд Трамп Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне

БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбөкұлының тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов пен қала әкімі Нұржан Ахатов қала аумағындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты.

Алдымен 1500 орындық «Келешек мектебінің» құрылыс алаңында болды. Құрылыс толық аяқталған, ғимарат заманауи талаптарға сай салынған. Мұнда оқу кабинеттері соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған, арнайы STEM-зертхана, кітапхана, спорт және акт залы, асхана бар. Бас мердігер – «Integra Construction KZ», жобалаушы ұйым – «Project Construction KZ», техникалық қадағалаушы – «Самұрық Қазына Девелопмент» серіктестіктері. Нысан жақын күндері пайдалануға беріледі.

Әрі қарай облыс әкімінің бірінші орынбасары аулаларды абаттандыру жұмысының барысын бақылады. Биыл Қызылорда қаласындағы 20 аулаға ойын және спорт алаңдарын орнатуға 1,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Әр аулада әткеншек, сырғанақ, жаттығу құрылғылары, кіші футбол және воркаут алаңдары болады. Жарық шамдары мен демалыс орындары орналастырылып, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Мұнан бөлек, 153 млн теңге бөлініп, тұрмыстық қатты қалдыққа арналған 375 контейнер қойылды.

Айта кетейік, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында облыста 6900 орынға арналған 10 мектеп салынды. Бүгінде оның 9-ы пайдалануға берілді.

ВОКЗАЛДАР МЕН ЖОЛАУШЫЛАР ПЛАТФОРМАСЫ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде аймақтағы теміржол вокзалдарын қайта жаңғырту және күрделі жөндеу барысындағы мәселелер талқыланды. Оған Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов, жауапты сала жетекшілері, мердігерлер, авторлық және техникалық бақылау мекемелерінің басшылары қатысып, бірқатар тапсырма жүктелді.

– Теміржол вокзалдарын қайта жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстары уақтылы, сапалы жүргізілуі тиіс. Құрылыс материалдарының жеткілікті болуын қадағалап, қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет. Сонымен қатар, жұмыс барысын тұрақты бақылау, вокзалдарды стандарттарға сай абаттандыру және халыққа ыңғайлы ету маңызды, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің айрықша қолдауымен ел аумағындағы, оның ішінде облыстағы барлық теміржол вокзалы мен вокзал маңы күрделі жөнделіп, абаттандырылуда. Жалпы 125 вокзалды жөндеуді бір мезгілде бастап, бір жылда аяқтау жоспарланған.

Бұл тізімге өңірдегі 7 вокзал және «Талап» бекетіндегі жолаушылар платформасы енгізілген. Қазіргі таңда «Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық компаниясы мердігер мекемелермен келісімшарт рәсімдеп, 30 пайыз аванс төлемін жасаған. Аталған нысандарда қарқынды жұмыс жүргізілуде.

Өңірдегі магистралді теміржол желісі 1051 шақырым, ұлттық компанияға қарасты 8 теміржол вокзалы мен 2 қызмет көрсету пункті бар.

Вокзалдардағы жұмыс барысы облыс әкімінің тікелей бақылауында.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

БҮГІННІҢ БЕЙНЕСІ

ТАНЫС АДАМДЫ ТАНЫСТЫРУ

Қоғам қайраткері, саясаттану саласының философия докторы, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Өлмесхан Мәтенұлы Болатбеков есімі Сыр өліне етене таныс. Алдымен, кейіпкеріміздің өмір деректеріне ден қояйын.

Өлмесханның мамандығы – журналист. Кеңес дәуірінде комсомолда, аудандық партия комитетінде, киноландыру жүйесінде, аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінде басшылық жұмыстар атқарды.

Қызылорда облыстық ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары-арнайы экономикалық аймақ төрағасының орынбасары, білім және мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру институты директорының бірінші орынбасары лауазымындағы қызметтерде болды.

Өлмесхан әсіресе «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары-Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Кеңестің төрағасы қызметінде жүрген жылдары халықпен жақын араласты. Мұнан әрі ол ҚР Президенті жанындағы «Орталық Коммуникация Қызметі» директорының, республикалық «Байтақ болашақ» альянсы басқарма төрағасының кеңесшісі, «Нұр Жаусын – Қызылорда» қоғамдық бірлестігінің директоры қызметтерін атқарды. Осынша қызметті атқара жүріп Өмекең елдің мұң-мұқтаждығына үнемі алаңдап жүретін азамат есебінде елге танылды. Бір күні телеарнада сөйлеп жатыр екен: «Қытай дүниежүзін азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Бұл елде орта шағын кәсіпкерлік өбден өркендеген. Ел мен жерді аралап жүрген кезде көптеген шаруа қожалығы жетекшілерінің «Мемлекеттен алатын ақша бізге тимейді. Облыс, аудан, ауылға келгенде қаржыны ат төбеліндей ірі шаруа қожалықтары пышақ үсті бөлісіп әкетеді, ұсақ қожалықтар тасада қалып қояды» дегенді жиі естиміз...», – дейді ол.

Өмекеңнің көмейінде көміліп қалатын ештеңе жоқ, ақтарып салады. Депутаттың дауысы осы кісінің аузынан шығады. Бұл адам жайында хабар түсірген облыстық телеарна оны «қағылөз қайраткер» деп атапты.

Мен бүгін қағилөз қайраткермен қаланы аралап келе жатырмын. «Жаңарған Қызылорданың көрінісіне көз қаңқытырып алып, әңгіме құрайық» деген еді, Өмекең.

ДАРИЯНЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫ, БЕРГІ ЖАҒЫ...

(СҰХБАТ ЕМЕС, СЫРЛАСУ)

САЯБАҚТАҒЫ СЫР

Әуелі Ескі базар тұсындағы «Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығы» құрметіне қойылған еңселі ескерткіш аясына тоқтадық.

Тәсернек төселген алаңдағы саялы дарактардың көлеңкесіне отырғыштар орнатылған. Бала жетектеген келін-шектер аяғын келісті басып, жастар кісі бойынан биік домбыра мүсіні жанына тура қалып суретке түсіп жатыр.

– Қарашы, қандай әдемі көрініс, – делі Өмекең, – осы жердің шаңы шығып жататын. Жаның демалады. Ертеректе мына жерге амфитеатр тұскен еді. Бірақ кейін оның қажет еместігі белгілі болды. Соған біраз қаржы кетті. Бізге «көгіті пішіп, бір кесетін» басшылық енді келді ме деймін. Бірақ жақсы болған үстіне жақсы болса екен деген пейілді перделемейін. Осындай әдемі саябақтар қаланың шет аймағындағы «Шанхай», «Титов», «Гагарин», «Бөйгерек» қыс-тақтарына да салынса ғой. Олар да қала тұрғындары, олар да бір пәс бала-шағасын жетектеп, шат-шадыман күй кешкісі келеді. Осы қазір саябаққа кеткен қаржы «Сабаалаққа» жетпей қалды деген пікірлер бас көтеріп тұр. «Ештеңе де жаман емес өмірде, барлық пәле көзін менен көңілде» деп Қадыр ақын айтпақшы, ең бірінші адамның көңіл-күйі шат болуы шарт. Қалғаны да кезеңімен, кезегімен жасалып жатыр.

Жаңа шет аймақтар делік, сол жақта аяқсу жоқ. Олар аяқсу орнына ауысууды пайданалады. Бұл коммуналдық төлемді көбірек қажет етеді. Баяғы қала

көңілін көтеретін жағдай туғызуға деген жауапкершілігіміз. «Көтермесе көңілді кір басады» дейді қазақ. Жалпы біздің халқымыз көңілге айна деп қарайды, «қалған көңіл – шыққан жан» деп көңіл қалдыруды өлімге апарып тірейді. Бүгінде әлеуметтік желіні жел сөзге, желбуаз ойға желбезек қылып, айқайлап жүретіндер көп. Ал қалаға шықсаң, жаның тыныш табады. Негізі атқарған жұмысын бүгінгі ғана қажеттілігін өтеп қоймайды, ол ертең үшін де құнды. Сондықтан Орталық алаңдағы, Президент паркіндегі, теміржолды жағалайтын Яссауи көшесі бойындағы, Б.Шөкенов атындағы парк, теміржол вокзалы алаңы, мәдениет және демалыс саябақтары мен аллеялар біздің қаланың адам көңілін сәулендіретін сәулеті деп білемін.

Мұнан әрі біз сүйліктей «Лексуспен» Яссауи көшесі бойына шықтық. Өлмесхан аға көлікті су бетінде сырғытпай жүргізеді. Жөндеуден өткен тактайдай тегіс көшелер де көңілді көтереді.

Жаңағы айтқандай, осы жылы аба-тандырылған теміржол жағасын тама-шалап келеміз. Жайлы ағаш орындықтар, жалтылдап жатқан аяқжолдар жарасым-ды көрінеді. Бұл көркемдікке кәсіпкерлер де өз үлесін қосыпты, шыныдан салынған гүл сататын дүкен, «Сам мой» көлік жуу орны әрі қажеттілік, әрі әдемі көрініс беріп тұр.

Өмекең осы жерде көшені бойлай қалалған бойшаң қаламшаларға қарап сөз бастады.

«БӨЛЕНГЕН КӨШЕЛЕРІ АҚ ҚАЙЫҢҒА...»

Біздің қалаға, баяғы Ақмешіт болып тұрған кезінде ақ қайың көп егілген. Патша үкіметі бұл бекіністі болашақ көрікті қалалардың біріне айналдыруды ойлаған. Ал Кеңес үкіметі келгесін қуғын-сүргін, аштық, жоқшылық басталды, ақ қайыңға қараған ешкім жоқ, содан бұл сұлу ағаштар қурап кеткен. Әйтсе де, бәрі құрып кеткен жоқ-ты. 1950-1960 жылдардың өзінде



орталығын қақ жарып аққан «Сарқырама» осы шет аймақтарға дейін жеткен. Сол Сарқыраманы сонау елуінші жылдары қала басшысы болған Долдаш Алисов деген кісі қаздырған. Ол кісі қаланы көркейтуге көп жұмыс атқарды. Іскерлік, ізеттілік иесі есебінде аты қалды. Әрине, ол кездегідей «дарияның толқындарын тартып ала» ағатындай емес, қазір дария деңгейі өте төмен. Дегенмен, суды сорғышпен шығарады, сондықтан шет аймақтар аяқсудан қағажу көрмесе екен деген тілек бар.

Мен Қазақстан қалаларын көп аралаймын. Жұмысым болмаса да өзімше автотуристік саяхат жасауды жақсы көремін. Соңғы жылдардың өзінде Орал, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Тараз, Талдықорған қалаларында болдым. Төк қаладан қайтпаймын, алыс ауылдарға, олардың шетінде мал ұстап отырған шаруаларға да соғамын. Құрқол бармай, сыйлығымды, кейде Сыр өлі бейнелейтін сувенирлерді ала барамын. Олар қуана қарсы алып, «қонағым көрсін, өзім жеймін» дегендей, қазақы дәстүрмен күтеді. Қызылорда жайында жақсы пікірлерін айтады, ондайда мен қуанамын.


Жаңа бірз қалаларда болғанымды айтқым, сол қалаларда біздегідей (осы «Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына» арналған ескерткіш саябағы секілді) саябақтар жоқ. Бұл – біздің қала келбетіне мән беруіміз ғана емес, адамдардың

көшелерде ақ қайындар тербеліп тұрған. Композитор Тәңірберген Қалауов пен ақын Махмұтбай Әмірееттің «Қызыл-орда вальсі» деп аталатын әні бар ғой. Сонда ақынның: «Шалқыған шаттық әні бақтарында, Бөленген көшелері ақ қайыңға. Дарияның жағасында бір қала бар, Айналған Сыр елінің сол танына», – деп тәгілді, бұл – сол кездегі Қызылорданың бейнесі.

Біраз кісі Махаң жоқ ақ қайыңды қайдан тауып алған деседі, көрмегесін айтады. Қазіргілер Қызылордаға ақ қайың кесе өсер ме еді дейді, елуінші жылдарды естімегесін айтады.

Ал, енді мына талдарға қараңызшы, көше бойлапты қадап тастапты. Цемент арықтар қақсып жатыр. Талдар тамшылатып суаруға көне ме? Бойы үш-төрт метр, оның ұзынабойына нәр барам дегенше, төбесінен күн өткен сияқты, көктегенін көріп тұрсын ба? Ендігі жылы тағы егіледі, тағы тамырынан тырысады. Шіркін, нағыз жасыл жапырақ жайқалып тұратын жер – осы. Пойызбен олай-былай өткен жолаушылар ақ қайыңға көз суарып, қайта айналып көргенше Қызылорданы сағынып жүрер еді.

Е-е, мынау қауынбазарға назар аударыңыз. Қаланыкі емес, колхоздыкіндей. Осыдан бір-ер жыл бұрын «Сыр бойы» газетінен бұрынғы қала әкімі Асылбек Шәменовтің сұхбатын көзім шалып еді. Сол сұхбатта: «Теміржолмен жарыса жүретін Яссауи көшесін аба-тандыру жұмыстары да басталмақ. Бұл көше кеңейтіліп, оның бойында түрлі демалыс



орындары орналасады. Жоба жасалып, қаржысы шешіліп тұр. «Шұғыла» шағын ауданындағы қауын-қарбыз сататын базар жанартылады. Кәсіпкерлер нысанды біздің концессиямызға сай жасайтын болады. Бұл арба итеріп жүретін, көрпе жамылып жататын базар емес, заманауи түрдегі, іші сыртынан көрінетін шыны қабырғалы, қауын-қарбызды қабылдайтын зертханасы, адамдар отырып демалатын дәмханасы бар сәнді базарға айналады...», – деген сөз бар.

Бірақ әлі қарағай қабырғалы ашық-шашық «Алай базар» болып тұр. Ал, көше құрсаулаған көпқабатты үйлердің сырты келбеті сырланып, әдеміленген. Мұны айту керек.

Мынау – Мұстафа Шоқай көшесі, ол төрт жолақты болып тамаша жөндеуден өткен. Міне, ескі автовокзал тұсына да келіп жеттік. Осы маңдағы екі қабатты үйлерді қоршап қойғанын көріп тұрмыз. Әжетханалары сыртқа орналасқан, иіс-тенген жер еді. Бұл үйлердің тұрғындары соңғы жылдары жаңа баспана алып көшті. Енді екі қабатты тозық үйлер озық үлгідегі құрылыстар алаңына айналмақ.

Жалпы қалада соңғы жылдары салынған келбетті ғимараттар көп-ақ.

КҮН СҮЙГЕН КЕЛБЕТІҢНЕН АЙНАЛАЙЫН

Қызылорда – біздің бесігіміз, жер бетін жеті айналасқ та мұндай ыстық мекен жоқ. Сондықтан соңғы жылдары қала келбетін танымастай күйге ендірген аймақ басшысына алғыстан басқа айтырымыз бар ма? Облыс бюджеті 2022 жылы 364 млрд теңге болса, биылғы жылы 851,3 млрд теңгеден асқан. Цифр оқи алатын адам осыдан-ақ қуырау жұмыстың есебін шығарады.

Аймақ басшысының бастама-сымен қалада «Отбасы орталығы», «Өнер орталығы», сонымен қатар, «Атымтай жомарт» атанған белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен «Анаға тағзым» орталығы бой көтерді. Бұл әсем ғимараттар қаланың сәулетін арттырып, халық қажетін өтейтін ерекше тарту болды.

Болат Отемұратов қорының қолдауымен халықаралық талаптарға сай «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы іске қосылды. «Қаз-ГерМұнай» компаниясының демеушілігімен салынған заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы», облыс бюджеті есебінен бой көтерген, тәулігіне 3 мың оқушы түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға бара алатын «Сыр жылдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы



Суретті түсірген Нұрболан Нұржаубай



Қызылорда келбетін күрт өзгерткен өзгеше бет-бейне болды.

Біздің қаланың түнгі көрінісі тіпті керемет. Көше бойы сап түзеген бағаналар басынан диодты жарық шашылып тұрады. Бір блогер жерге қонып келе жатқан ұшақтан түнгі қаланы бейнежазбаға түсіріп, оны әлеуметтік желіге «Бұл – Нью-Йорк емес, Қызылорда» деп дәріптеп көрсетіпті. Меніңше, орынды мақтаным. Мен кемпірқосақтай көз арбаған флекс неон шамдарын бағана айтқан қалалардың бәрінен көрген жоқпын.

Бұл да сұлу Сырдың биік талғамы болар.

СОЛ ЖАҒАЛАУ – ОЛЖА, ҚАЛАУ

Біз қаланы бойлай өтіп, Сырдария көпірі арқылы сол жағалауға жеттік. Өмекең рульде отырып-ақ та мәнді әңгімелерін ағытты. Мен үлгергенімше көшіріп алуға тырысып бақтым.

Токтай қалады, түсе салады. Әбжіл, байқаппаз, қырағатты.

Бұл жерде де сөз тінін алысырақтан тартты. Мазмұны – мынау.

...Тағы да Махмұтбай ақынға соғайық, «дарияның жағасында бір қала бар» деп еді, бүгін қала дарияның екі жағасын тел еміп жатыр.

Сол жағалаудағы мына біз келіп тұрған жаңа Қызылорда – бүгіннің қалауы, ертеңнің олжасы.

Қырымбек Көшербаевтың әкім болып тұрған кезінде басталған игілікті



Нұрлыбек Нәлібаев иін қандырып, шырайлы шаһарға айналдырып жіберді.

Бұрынғы кезде Қызылорда мен Гурьевті көрген жұрт «большая деревня» деп атайтын. Тәуелсіздік алған соң Гурьев Атырау болды, көп ұзамай ол бұрынғы «сұлкен ауыл» атын мансұқ қылып, мұнайлы астана атала бастады. Сол кездегі облыс басшысы мұнай

игеруге келген шетел инвесторлары арқылы қалаға қаражат құйып, зәулім ғимараттар салып, көркін асырды. Ал Қызылорда сол дәрежесінде қала берді.

Қазір біздің қаламыз еліміздегі көз келген облыс орталығымен әсемдік сынына түсе алатындай күйге жетті. Әсіресе, осы сол жағалауда бой көтерген 9-10 қабатты тұрғын үйлер мен көрікті ғимараттар қаланы жаңаша түрлендірді.

Бой көтеріп жатқан нысандардың бәрі де халық үшін ең қажет орындар. Тарихи- өлкетану музейі, музыка колледжі, автовокзал, теннис орталығы, Жастар орталығы... Мысалы, мына физика-математика мектеп-интернатына зер салыңыз. Ашылғанына жарты ғасыр болған Алматыдағы О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебінен осы көзге дейін еліміздің дамуына ерекше үлес қосқан қаншама тұлғалар түлеп ұшты.

Енді талапты жастар осындай жоғары және сапалы білімді алысқа ат сабылтпай-ақ, өз қаламыздан табады. Бұл керемет жетістік емес пе!?

Осы ғимараттардың бәрі бір-бірімен үйлесім тауып тұр. Қасбетінен бастап, ішкі әлеміне дейін мазмұнына сай.

Маған бір ой келеді, алдағы бой көтеретін нысандар бұлардан да еңселірек болса деймін. Жоғары қарағанда қалпағын төмен түсетін ғимараттарды да көрерміз, әлі.

«Тарта жесең тай қалар, тартпай жесең, нең қалар?» деуші еді, шешем жарықтық. Сол сөз есіме түскенде қазіргі кезеңде ең керекті нәрселерді біртүгендеп алудың маңызы зор шығар деймін.

Сол «ең керектің» бірі – қаламызда бой көтерген жылу-электр орталығы.

Бұрынғы жылу-электр орталығы сонау 1964 жылы салынған. «Ескіні жамап есің кетеді» демекші, қанша жөндеуден өтсе де енді оның қажетті қуатты өндіре алмайтыны анық.

Сондықтан заманауи үлгідегі 240 МВт электр энергиясы мен 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу электр орталығының іске қосылуы қызылордалықтар үшін қалаулы өндірістің басы еді. Облыс халқын электр энергиясымен қажет көлемде қамтамасыз етіп, қуатты артық өндіріп басқа аймақтарға сатуға қауқарлы.

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордаға келді. Президент қаланың жаңа келбетіне, аймақтың даму динамикасына көңіл толатынын мәлім етті, облыстары атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Барды бар деу ләзім, қаланың кіреберіс қақпасына көз салыңыз. Алдыңызда әдемі, үлкен қаланың күтіп тұрғанын сезіреді.

Осындай кіреберіс «ар-қалар» аудан былай тұрсын, барлық ауылдарға орнатылды. Өйткені, әр аудан, әр ауыл қалаға қарап үлгі алып отыр.

Бұл – Өлмесхан Мәтенұлының дария-ның арғы жағы мен бергі жағын жағалап, қала аралап жүріп айтқандары. Мәртебелі шындық алдында ғафу өтінем, Өмекеңнің көп сөзін бір мақалаға сыйғыза алмадым.

Ол кісі республикалық телеарналардағы «Талқы», «Ашық алаң» секілді ток-шоуларға жиі шақырылады екен. Маған осы жақтағы ой талқылары тіпті қызық көрінді. Ел жағдайын ойлап, екі өкіпесін солықтырған Өмекеңнің ашы да өткір пікірлері еріксіз тыңталады. Журналистер жүгін жеңілдеп жатқан адамды қайта-қайта шақырмай қайтсын.

Біз де бір кезегі келгенде елдің жоғын іздеп, барын баянды ететін сол әңгімелерге оралармыз...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

/// TEATP-70

Алматы сахнасында Қалтай Мұхамеджановтың «Өзіме де сол керек» комедиясы өте жоғары деңгейде қабылданды. Көрермен залы спектакльге қақ жарыла күйіп, соңында қол шапалақтап тұрып алды. Біздің артистер қайта-қайта бас иіп, халыққа ризашылығын білдіріп жатыр. Ал мен «Қалтай аға не дер екен?» деп ойлап қоям. Көп ұзамай «Вечерняя Алматы» газетінде Қалтай ағаның спектакль жайлы интервьюі шықты. Интервьюді қағазға түсірген белгілі журналист, жазушы Болат Жандарбековтың бізге есепсіз ақпараттық көмек көрсеткенін ерекше атап өткім келеді. Газет бетінде күн құрғатпай біздің қойылымдарымыз туралы Болаттың мақалалары, театр артистерінің пікірлері басылып, жарнамалар үзбей жарияланып тұрды:



Менің театрым

– «Қалтай Мухамеджанович, извините за беспокойство, но упустил такой случай, когда видish автора зрителем своего произведения, согласитесь, грех!» Скажите, что Вы испытываете в качестве «судьи» своей пьесы?

– Конечно, волнение, приятное, но и приди-чивое волнение! Можно так сказать?

– А ваши впечатления от спектакля?

– С большим удовольствием посмотрел спек-такль. Его режиссерская трактовка представляется мне где-то спорной, но, несомненно, оригинальной. Для меня, помимо этого, очень дорого и то, что артисты сумели сохранить и донести смысл, энергию и более того «запах» авторского слова. Особенно хорош Хайдарбек (Серик Шотиков). Артист с подлинным блеском раскрыл образ с самого его начала и до кульминации – нравственного падения.

– Как же тогда расценил обаятельный образ Кенжегүл, выписанный Вами с такой симпатией?

– Во-первых, этот образ своим обаянием обязан прекрасной игре артистки Абеновой, а во-вторых, и это страшно в своей полдости, хайдарбеки используют не только мелкособственнические инстинкты людей, но и такое великое и святое чувство, как материнская любовь. А симпатия? Не мысло писать образ матери иначе. Он велик даже в своей слабости.

– Ваша оценка работы режиссера Хусейна Тимирова?

– В смысле драматургического «хода» я уже заметил выше: она неожиданная. Выношу ей оценку – самую высокую. Молодой режиссер Хусейн Тимиров талантлив. Это знающий, тонко разбирающийся, вдумчивый и ищущий режиссер. Возьмем, к примеру, постановки двух пьес – комедий «Тоот, майор и другие» венгерского драматурга Иштвана Эркеня и мою. Хусейн Тимиров не поддался соблазну повторить в этих произведениях выигрышные трюки и мизансцены, найдя для каждого спектакля свои штрихи, свое решение. Очень ценное режиссерское качество Тимирова: бережное и вдумчивое отношение к авторскому замыслу и слову выразилось в том, что пьеса венгерского драматурга не превратилась в казахский вариант этого произведения, а сохранила весь свой национальный аромат и колорит. Моя же пьеса режиссерски решена ровно, логично. В полной гармонии поступков и действия.

Өзімізге солай көрінді ме, гастроль кезінде бүкіл Қызылорда Алматыға көшіп келгендей. Әсіресе, «Ленин жолы» және «Путь Ленина» газеттерінің редакторлары Қ.Әбенов пен Г.Г.Олубев біздің спектакльдерімізді түгелдей көріп, облыстық газет бетіне гастроліміздің барысы жайлы казакша-орысша «Сізде артық билет бар ма?» деген мақала да бастырып үлгерді:

«Сыр өңірінен өнер көрсетуге Н.Бекежанов атындағы театр коллективі келе жатыр» деген хабар астана жұртшылығын кезінде бір елең еткізген. Алматы тұрғындары қызылордалық артистерден үлкен үміт күтіп, олардың өнерін көргенше асыққан-ды.

Республика орталығындағы аты әлемге әйгілі жазушы, казак халқының ұлы перзенті Мұхтар Әуезов атындағы казак драма театрындағы алғашқы ойындарын талантты дарын иесі Мұханның «Түнгі сарын» пьесасымен бастаған жас артистер сол күні-ақ астаналықтардың шынайы ілтипагына, зор алғысына не болды. Драма театрының зәулім де кең үйінде бірде-бір бос орын болған жоқ. Астаналық көрермендер сахна шеберлеріне тік тұрып кол соқты.

Мұнан соң қойылған «Сау басыма сакина», «Король Лир», «Өзіме де сол керек» спектакльдері де зор табыспен өтті. Қызылордалық артистер ойыны қатысушылар көңілінде үлкен әсер қалдырды.

Үстіміздегі айдың 15-нен басталған гастроль аяқталғанға дейін қойылуға тиісті спектакльдерге билеттер түгел сатылып бітті. Театрға келгеніңізде «Сізде артық билет жоқ па?» деп касса жағалап жүргендерді ұшыратасыз. Сөз жоқ, бұл – қызылордалық артистердің талғампаз астана жұртшылығының көңілінен шыға білгендігінің, жауапты сапарға тиянақты, жан-жақты дайн-далғанының, ен бастысы, шеберліктерінің кемелденіп, өсіп-жетіліп келе жатқанының куәсі.

Астанада қойылған әрбір спектакльге қарапайым қатардағы көрермендермен бірге сөз зергерлері, мәдениет, өнер қайраткерлері, ғылым өкілде-рі, ақындар, жазушылар, сыншылар да қатысып келеді. Белгілі ақын Әбділда Тәжібаев, көрнекті сыншы Мұхамеджан Қаратаев, талантты драматург Қалтай Мұхамеджанов, әйгілі жазушылар Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, сыншы Бағыбек Құндақбаевтар қызылордалықтар өнеріне зор ри-зашылық білдіруде. Қазақстан еңбекшілерінің ыс-тық ықпалына, зор алғысына не болған Сәбира Майқанова, Серке Қожамқұлов және басқа өнер шеберлері спектакльдерге келіп, жас әріптестеріне қошемет көрсетіп отырды.

Театр коллективі қойған барлық спектакльдер де табысты өтуде. Соның ішінде Ш.Хұсайыновтың «Біздің Ғани» пьесасы өте қызықты, әсерлі өтті. Бұл спектакльде жарқын болашақ үшін жанын пид-а еткен арадгер азамат, қазақтың адал перзенті Ғани Мұратбаевтың серігі Бақытжамал Мұратбаева, карт комсомол Сара Есова, пьеса авторының жары, Қазақ ССР-інің Халық артисі Бикен Римвалар қатысты. Ойын аяқталған соң олар Ғанидың өмірі, қызметі туралы әсерлі әңгімелер айтып берді.

Қызылордалық артистер қойған алғашқы спектакльден бастап республика баспасөзі, радио мен телевизия, қалалық «Вечерняя Алма-Ата», облыстық «Жетісу», «Огни Алатау» газеттері үзбей мақалалар, рецензиялар жазып тұрды. Олар Сыр өңірі артистеріне өз беттеріннен орын беріп, мақалалар, әңгімелер жариялады.

Астаналық көрермендер, театр артистері Ж.Бағысова, Ш.Әбдібаев, Т.Айнақұлов, С.Әбді-момунов, Я.Халықұлов, Ш.Бәкірова, Ә.Арысбаева, Ұ.Баяділова, І.Шәкiрoвтер жөнiнде, жалпы коллек-тив туралы жылы пікірде қалды.

Қызылордалық артистер қойған спектакльге қатысушылар, жалпы көрермендер, театр сыншы-лары театрдың жас режиссері Хусейін Тиміров-тің талғамына, әрбір пьесаны қоюдағы қолтаң-баларына, ізденімпаздығына зор ризашылық білдіріп, оның атназы жылы лебіздер білдірді.

Сонымен Сыр өңірі астанасындағы казак дра-ма театрының Алматыдағы онкүндік гастролі зор табыспен аяқталып келеді. Талғамы зор алматы-лықтар алдындағы үлкен сыннан қызылордалық артистер абайоймен өтіп деуге болады.

Шыбын жанымыз шыркырап М.Әуезов атын-дағы мемлекеттік академиялық казак драма театры-ның сахнасында өткен гастроліміз де аяқталды. 27 август күні гастроль қорытындысы бойынша кең көлемде талқылау өтті. Талқылауды Қазақ ССР Мәдениет министрінің бірінші орынбасары Қанат Саудабаев басқарып, Қызылорда театрының гастролі жайлы қысқаша кіріспе сөз сөйлеп, алғашқы пікірі айту кезегін Бәйтен Омаровқа берді.

Бәйтен Омаров: – Мен Қызылорда театрының коллективімен бірінші рет танысып отырмын. Театрдың 25 жыл-дық өмір жолына қарағанда көптеген режиссерлер жұмыс істеген екен. Демек, режиссура мектебін көрген театр. Театрдың актерлік құрамы да жақсы екені көзге көрініп отыр. Театр іздену жолында екен. Сценографияда, режиссурада, актерлік өнер-де. Бірақ әлі де болса жетіспей жатқан жақтары бар екен, соған көңіл бөлсек.

Өкелген репертуарды қарап отырып жанр жағынан болсын, таңдау жағынан болсын театр іздену жолында көрінді. Әр қойылым сайын спек-такльдің қойылу тәсілі, актерлердің ойнау әдістері, шеберлік қасиеттері өзгеріп отырды.

«Акан сері-Ақтоқты» қойылымын ынтамызбен көрдік.

Театрдың бүгінгі іздену жолы осы спектакльден көрінді. Акан, Ақтоқты, Хазірет, Сердәлі әрқайсысы өздерінше жақсы ізденген. Сценографиясы қы-зықты, бірақ мынадай ой туды – Құлагердің тері-сін керіп қойғанымыз антиэстетично емес пе? Осындай оформлениімен кез келген спектакльді ойнауға болады. Оформлениде тазалық жоқ, оқиға орны белгісіздеу болып жатыр. Жалпы Акан – Әбдібаевтың мүмкіншілігі мол актер екен, дегенмен әлі де шырықтыратын, шегіне жеткізетін жерлері бар. Соны ойланса. Ортақ ансамбль бар, кей жерде босанысп кететін тұстары кездесіп тұрды. Жақсы спектакль үшін бұл кемшілік қой. Декорация жақсы, бірақ спектакльге тән дүние емес. Ақтоқты да жақсы шыққан, Хазірет, Сердәлі жақсы шыққан. Маған қойылым ұнады. Бұл спектакль творчестволық іздену жолындағы театрдың мықты дүниесі деп білем.

Маман Байсеркенов: – Тамаша гастрольдеріңізбен құттықтаймын. Былтыр, биыл казак театрлары Шекспирді мен-геруге кірісіп, Шекспирге бет қойып жатыр. Сахнаға Ричард, Макбет, Гамлеттер шықты. Міне енді Қызылорда театрының қойылымында Король-Патшаны көріп отырмыз. Шекспирді қай коллектив қалай көтереді, қай режиссер қалай шешеді, міне мәселе сонда ғой.

Айнақұлов артистің күші Лирге жетеді. Бірін-ші бөлім тек декламацияға қырлыған, интел-лектіңіз ағылшыңа – Шекспирге келу керек, ал Тұрысжанның қазақшалап кететін жерлері бар. Содан кейін ішкі ресурсты қозғап, күшті ұтымды пайдалану деген бар. Спектакльдің бірінші жартысында көп күш жұмсап, екінші бөлімге келгенде шаршап қалдыңыз. Актерлік шеберлік жағынан, образдың психологиялық өрбуі, дамуы жағынан ақаулықтар болды. Талассыз, үздіксіз шабатын қанды жол бар еді, содан тайып кетіп отырдыңыз. Кульминацияға келгенде, көк сұрапыл дауылға келіп шыққаныңа жер, қанша құбылысы бар қат-кабат сәттерде ішкі екпін сал жетпей жатыр.

Декорациялық шешімде пымылдықты екеу емес, үш қыз болған соң үш полотно етіп алсандар болатын еді. Декорацияның өзі спектакльдің образы болу керек қой, танымал, бірден көзге түсетіндей болу керек. Үш қыздың арасы шикілеу, дүмбілез, психологиялық тартысы жетпей жатыр. Ерсайын – Эдгар, талантты жігіт екен, бірақ бар күшінді жол бойы шашып, ысырап етеді екенсің. Ақыл мен психологияны алып баруда бір регистрмен ғана жұмыс істейсің. Стол маңындағы жұмыс аздау болды ма деймін. Шекспирде үлкен творчестволық биік деңгейде шыққан бір образ бар, органикалық тұрғыда шыққан образ, ол – С.Шотыковтың орындауындағы Сайкымазақ. Тілі Пастернактан Әбші аударған. Үлкен таланттылық көрсетіп шын творчестволық деңгейде аударған. Бұл спектакль шыққан, техникалық жағын дұрыстау қажет сияқты.

«Өзіме де сол керек». Хусейін, осының актуальдігі ұзақ кетпеді ме екен деп ойлап келіп едім, жоқ актуальдігі әлі де түспеген екен. Хусейіннің комедияны шешуі бар, комедиясы бар, финалдары екі спектакльде де, Король патшада да және «Өзіме де сол керекте» де хас шебердің қолынан шыққан финалдар. Режиссер, театр мына спектакльде түгелдей дерлік табысқа жеткен. Әсіресе Серік – Хайдарбекте шындық, органика бар. Сардар – Айнақұлов пен Садық – Әбдімомуновқа сенесің. Кенжегүл – Гүлжанан тамаша образ жасады. Сейілханов образға кіргенде танығысыз дәрежеде шешкен ролін. Творчестволық сәт сапар тілеймін.

«Сау басыма сакина». Көптеген театрларда қойылған спектакль. Қорқып келіп едім, терен философиялық ойларды ашуда комедия мен трагедияны араластырып отырып шешетін спектакль ғой. Бұл – театр мен Хусейіннің үшінші жеңісі. Хусейін трагикомедия жанрын түгелдей меңгерген екен, актерлер де шығарманы толық түсінген. Арасында Тооттың ішкі дүниесі шыыршып атқан кездері ойдың арқауы бос кететін жерлері бар екен. Адам өлтіруге дейін келу керек, психологиялық тұрғыда соған жету керек Тоот. Мені риза қылған Фахреддин Қуанышев. Почташыны Бақытбек Алпысбаев пер-несін бір сәт босатпай, қан қысымын түсірмей басынан аяғына дейін шыыршып атқызып жеткізуге толық мүмкіндік жасаған.

Сәбира Майқанова: – Қызылорда театры маңызды болу керек. Семей театры маңызды болу керек – бұл театрларға жоғары жатқан жеке көңіл бөлу керек. Сіздермен бірге қуандық. Бұрынғы келгеннен бері он екі жыл өтіпті – актерлерде үлкен-үлкен табыс бар. Театрға

үлкендер жан беріп тұрады екен, олардың белгілі орындары бар екен. Қызылорда театрына риза болдым. Жамандауға жаны құмар осы Алматының адамдарының. Үш қыз да жақсы ойнауда. Керемет өскен Серік, Жібек осыларды бетке ұстай білу керек. Жүзтайлағы қандай керемет. Ерсайын да Нұрқанды жақсы ойнады. Әлия өзінің обаяниясымен Ақтоқты-ның жақсы ойнайды. Жантасты ойнаған Аскарбек те жақсы. Шайтұрсын әрі директор, әрі актер. Сыртқы пішін бар, іш бар, тастама актерлікті. Хусейін артист болған, қазір режиссер, қадамы жақсы. Тап осындай спектакльдер болады екен деп күткеніміз жоқ. Кемшілікті талдай берсек бәрімізде бар ол. Қандай шығармалар қойылды сахнада репертуарыныңнн тізімі жақсы. Өзіне лайық таңдап бар, ойың бар, бағытың бар, носы да бар әрине оны енді айтпай-ақ қойайын. Қаз режиссер құттықтаймын. Үлкен бағамен қайтып барасыңдар.

Аскар Токпанов: – Көп сөз көмір, аз сөз алтын. Құттықтаймын. Шайтұрсын – директор, Хусейін – бас режиссер. Екеуі театрды ақсатпай алып келіп отыр. Көп сәттіліктер бар екен. Серік Шотыков қатты қуантып. Кейіпкержандылық – переживание, кейіпкер мәңділік – перевоплощение, кейіпкер сәнділік – пред-ставление. Серік өнері кейіпкер мәнділік пере-воплощение деңгейінде тұр.

Спектакльде үш шындықтың басы қосылуы керек. Тарихи шындық, психологиялық мінез шын-дығы, көркемдік театр шындығы. Содан келгенде біздің ата-бабамыздың киімдері ешбір халықтың ата-бабасының киімінен кем емес. «Акан сері-Ақтоқтыда» а ля восток деп жалпы казак деген ұғымға тіреліп қалған жоқпыз ба? Сол Ақанның заманының киімін неге іздейміз? Өз халқымызды неге құбыжық қылып көрсетеміз?

Режиссерлер жанр мәселесін қарау керек. Жанр, тематика, идеяны творчестволықпен қалай ашу керек? Қолыңа билік берілді, идея жөніндегі ой түсінде көретін нәрсе болу керек қой, өңінде ғана емес.

Нартай атын алған театр поэтикалық театр болу керек қой. Әрқайсысың өз театрыңды, өз тақы-рыбыңды тапшы, айналайындар Маман, Жақып, Ерсайын, Қадыр!

Қалтай Мұхамеджанов: – Қызылордалықтар – қара судан қаймақ ізде-генмен бірдей қуантақ коллектив. Директоры да, бас режиссері де жауапкершілікті түсінген азаматтар, екеуі коллективтің басын біріктіріп ұстап отыр. Өртүрлі поколеніеннің өкілдері бар театрда. Солар бір кісідей боп келіп жасын өнер көрсетті.

Драматургтің іздейтін сөз. Диалогтің еркек, ұрағшысы бар. «Айналайынмен» әртүрлі ойды айтуға болады. Сөздің энергиялық қуатын танытуға келгенде поэтикалық тамыры жерде жатпаса сөз декламацияға айналып кетуі мүмкін. Бұл театрдың өмірге жақындығы, шындық, ішкі шындық осы театрда жақсы көрінді. Осылардың бәрінде де, үлкен-кішісінде де сөз жөнінде үлкен құрмет бар. Шекспирді облыстық театрда қою – кеселегі суға кеме жүргізумен тең. Бұл творчестволық батырлық. Театр өнеріне деген ынтықтығы, ынтызарлығы бұл коллективтің өсемін деген сөзі. Жиырма беске келген кезінде Шекспирді ойнамағанда енді қашан ойнайды бұлар? Мұқаның, Ғабанның, Өбекөнің шығармасына бару – бұл нағыз кемелдіктің кезі.

Құтты қадам тілеймін.

Қанат Бекмырзақұлы Саудабаев: – Гастрольдеріңіз сәтті өтті. Айтылып жатқан пікірлер бұдан да жақсы болсын деген ойдан туған нәрселер. Жергілікті партия, совет органдарының көзқарасы жақсы, сіздерді қолдап отыр. Ол кісілерге үлкен рахмет.

Жарлықасын Үмбетов: – Барлығымыздың айтатынымыз бір-ақ сөз, бәріңізге үлкен-үлкен рахмет.

Иә, сонымен Алматы гастролі де аяқталды. Біз осы сапарымызға көптеген театрлардың дирек-торлары мен бас режиссерлерін де шақырған болатынымыз. Олар да «гастрольеріңіз жақсы өтті» деп құттықтап жатты. Менің көңілім біртүрлі алабұртып, өзіме-өзім риза болмағандай ма, кейбір қатты сындардан жасып қалғандай ма, әйтеуір талқылаудан қуаныш арқапап емес, үлкен ой арқапап шыққандай болдым. Бұл гастроль сонау 1968 жыл-ғы «Қозы Көрпеш-Баян сұлудан» басталған менің режиссерлік жолымның қорытындысындай еді. Көзсіз батырлықпен алғаш рет Шекспирге, «Ко-роль Лирге» барыппын. Спектакль керемет болма-ғанымен театрыды бір өсіріп тастаған туынды болды. Актерлерде сенім, батылдық пайда бола бастады. «Өзіме де сол керек» өзгеше дүние болып шықты. «Сау басыма сакина» көрген адамды бейжай қалдырмай, көрегер айтыстарға арқау болды. Қызығы бар, ол кезде Асқар Сүлейменов Академиялық театрдың әдебиет бөлімін бас-қартын. Кабинеті үшінші этажда ма, Қызылорда не екедін екен деп бел этаждан спектакльге көз салады ғой. Қойылым ұнай бастайды да көрермен залынан келіп көреді. Жақыннан көрейінші деп сахна жаққа келеді де сахнада басты кейіпкер Тооттың ішкі үйіне апаратын кіреберіс есік болатын, соның алдында ғана тұрған орындыққа жайғасып, есіктің санылауынан артистердің ойынын көруді жалғастырады. Спектакльдің қызығына кіре бас-тағанда шикылдақ есік ашылып Майорды ой-найтын артист Серік Шотыков шыға келеді ғой. Серік спектакль барысында әуелі ішкі киімнен шығып, бірте-бірте майордың толық формасын кие бастайтын. Серік шыкса кімі тұрған орындықта біреу отыр. Актер оны ығынған қапсыра ұстап лақтырып жібереді де шабыларын, етігін киіп, сахнаға қарай бұрылып есікті аша бергенде «Әй, мен осы кімді лақтырдым, Асқар Сүлейменовтің өзі емес пе?» деген ой басына сарт ете қалады ғой. Ойнап шығады. Аскар келіп Серікті құттықтап: «Шикарно» деп жатса Серік Шотыков одан қайта-қайта кешірім сұрап әлек болып жатыр. Бәріміз де күлкіге қарық болдық: «Құрғақ кешіріммен құтылмайсың» деп. «Сау басыма сакинаға» бай-ланысты тағы бір жаналық – біздің театр Венгр Халық республикасының Мәдениет министрлігінің қола жүлдесіне кол жеткізіпті. «Акан сері-Ақ-тоқты» қойылымы Мәдениет министрлігінің «Жыл спектаклі» аталып, ақшалай сыйлығымен марапатталды. Премьерасына Ғабит ағаның өзі де қатысқан еді, спектакльден соң Шайтұрсын мен Әлия жазушының алдына барып тізберлеп гүлдерін ұсынығанда Ғабан орнынан тұрып, бізге риза-шылығын білдірген болатын. «Біздің Ғани» да теріс болмады, комсомолдың грамотасымен, арнаулы төсбелгілерімен коллективтің жастары түгел нағ-радаға не болды. «Майра» ғана бізге таяқ боп тиген. Ал «Түнгі сарын» өзіме ұнайды. Мейлі енді Маман Байсеркенов те, Аскар ағам да ұнатпасын, қайт-ем енді, өзіме ұнайды.

Коллектив Алматы гастролінен кейін демалысқа кетті де, маған Мәдениет министрлігі бүкілодақтық білім жетілдіру институтына жолдама беріп, мен Москва, Ленинградқа оқуға кеттім.

(Басы өткен сандар).

**Хусейін Әмір-Темір,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қызылорда облысының құрметті азаматы**

**Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 3 қарашадағы
№ 206 қаулысы**

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 185 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
 - көрсетілген қаулыммен бекітілген «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы» комму-налдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде:
 - 15-тармақтын 2), 7), 8), 10), 21), 24), 25), 26), 27), 28) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
 - 2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді;
 - 7) мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мүліктің бүлінуі (жоюылуы) кезінде залалды айқындау жөніндегі комиссияны құрады;
 - 8) Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы мақсатында ұйымдармен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетуге арналған ұйымдармен шарттардың (келісімшарттардың) есебін және талдауын жүргізеді;
 - 10) жұмылдыру дайындығы, аумақтық, азаматтық қорғаныс сала-сындағы, сондай-ақ азаматтарды әскери қызметке және әскери жынға шақыру бойынша уәкілетті органдарға қызметтің тиісті салаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - 21) табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға жергілікті атқарушы органдардың төтенше резервінен қаражат бөлуге ұсыныс береді;
 - 24) халықты және аумақты қорғанысқа даярлауға қатысады, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрамалардың материалдық, энергетикалық және өзге де ресурстарына және олардың тауарлары бойынша қызмет көрсетулерге қажеттіліктерін Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді;
 - 25) әскери есепке алуды және азаматтарды әскери қызметке даярлауды, олардың әскери қызметке, әскери жындырада шақырылуын және жұмылдыру бойынша шақырылуын ұйымдастырып, қамтамасыз етеді;
 - 26) қорғаныс мақсатында көлік және басқа да техникалық құралдардың есебін жүргізуді және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз етеді;
 - 27) азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға қатысады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
 - 28) Қазақстан Республикасының қорғаныс жоспарын әзірлеуге қатысады;
 - мынадай мазмұндағы: 36), 37), 38), 39), 40), 41), 42), 43), 44), 45), 46), 47), 50), 51), 52), 53), 54), 55), 56), 57), 58), 59), 60), 61), 62), 63), 64), 65), 66), 67), 68), 69), 70), 71), 72) тармақшаларын толықтырасын;
 - 36) жергілікті жұмылдыру тапсырмаларын айқындау және орналастыру, сондай-ақ ұйымдардың жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын орындауын қамтамасыз етеді;
 - 37) жұмылдыру дайындығы, аумақтық, азаматтық қорғаныс саласын-дағы, сондай-ақ азаматтарды әскери қызметке және әскери жынға шақыру бойынша уәкілетті органдарға қызметтің тиісті салаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - 38) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру, аумақтық және азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша, сондай-ақ азаматтарды әскери есепке алу және әскери қызметке және әскери жынға шақыру мәселелері бойынша қызметтік хат аямаулар жүргізеді;
 - 39) жұмылдыру тапсырмалар бар мемлекеттік органдар мен ұйым-дардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ әскери басқару органдары өкілдерінің қатысуымен жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру, аумақтық және азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша, сондай-ақ азаматтарды әскери есепке алу және әскери қызметке және әскери жынға шақыру мәселелері бойынша кеңестерді ұйымдастырады және өткізеді;
 - 40) облыстағы жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімше-лерінің, сондай-ақ жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстарды бар және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында шаруашылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру, қорғаныс пен әскери қауіпсіздік, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласында, сондай-ақ азаматтарды әскери есепке алу, оларды әскери қызметке және әскери жындырада шақыру мәселелері бойынша ұйымдастырады;
 - 41) жұмылдыру, әскери жағдай және соғыс уақыты кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтарды уақытылы хабардар ету мен жеткізуді, сондай-ақ облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) коммуналдық меншікте тұрған техниканы қорғаныс мұқтаждары үшін жинау пункттеріне, әскери бөлімдерге және арнайы мемлекеттік органдарға жеткізу мен тапсыруды ұйымдастырады;
 - 42) құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша облыстың жұмылдыру жоспарын әзірлейді және бекітеді;
 - 43) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында міндетті күзетуге және қорғауға жататын коммуналдық маңызы бар маңызды объектілер мен коммуникациялардың тізбесіне ұсыныстар енгізеді;
 - 44) облыстық жұмылдыру дайындығының кезекті жылға арналған іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және бекітеді;
 - 45) жұмылдыру, соғыс жағдайы және соғыс уақыты кезеңінде Қазақстан Республикасында әскери қатерлер өскен кезде Әкімдіктің іс-қимыл жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;
 - 46) елдің қорғаныс мүддесінде өңір аумағын желел жабықтау жоспарын әзірлейді және бекітеді;
 - 47) мемлекеттік органдармен бірлесіп қала және аудан экономикасын жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындау жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысады;
 - 48) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдер арналған техникалық құжаттамадың сақталуына қорын, сондай-ақ түзеуісіп жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету ж



Статистика – еліміздің тарихи дамуының барлық сатыларында түрлі деңгейдегі басқару-шылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шынайы деректерді ұсынып отырған ғылымның бір саласы.

Барлық мемлекеттердің өмірінде ресми статистиканың рөлі өсуде. Кез келген салада уақытылы және объективті ақпараттарсыз тиімді шешімдер қабылдау мүмкін емес.

Статистикалық органның негізгі міндеттерінің бірі – барлық пайдаланушыларды толық, шынайы және жедел статистикалық ақпаратпен қамту.

ШЫНАЙЫ ДЕРЕК – ТАРИХИ ШЕШІМДЕР АРҚАУЫ

Қазақстан статистикасының құрылу тарихының тамыры тереңде жатыр. Алғашқы Қазақ мемлекеті – Қазақ хандығы туралы статистикалық мәліметтерді растайтын тарихи құжаттар бар. Шу мен Талас өзендерінің бойында (қазіргі Жамбыл облысының аумағында) ең алғаш құрылғанда (1459 жыл) ондағы халық саны 200 мың адамды құраған болатын, ал XV ғасырдың соңына 1 миллион адамға жетті. Алайда, заманауи Қазақстанның аумағында тұрақты және орталықтандырылған статистикалық қызметтің пайда болуы XVIII ғасырдың екінші жартысына, яғни Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Қазақстан территориясында құрылған бірінші ресми мемлекеттік статистикалық органға Түркістан губерниялық статкомитеті (құрылу күні 22 қаңтар 1868 жыл) және оған бағынышты Сыр-Дария және Жетісу облыстық статистикалық бюросы жатады. Алайда 1920 жылға дейін Қазақстанда жоғарыда аталған және басқа да жергілікті статистикалық қызметтерді біріктіретін бірде-бір статистикалық орган болған жоқ. Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республика құрамында (1920 жылғы 26 тамыз) Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы (ҚазССР) құрылуына байланысты, Қазақ АССР Үкіметі 1920 жылғы 8 қарашадағы «Қазақ АССР-ндағы мемлекеттік статистика туралы ережесін» бекітіп, ҚазССР-дің Статистика басқармасы құрылды. Осылайша Қазақстанда бірыңғай орталықтандырылған статистикалық орган 1920 жылдың 8 қарашасында құрылды және бұл күн Статистика күні деп жарияланды.

Статистиктер еліміздің тарихи дамуының барлық сатыларында түрлі деңгейдегі басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шынайы деректерді ұсынып келеді. Бүгінде олар жоғары дамыған экономикасы мен әлеуметтік инфрақұрылымы бар көп ұлтты мемлекет – Қазақстанның табысты дамуы үшін ақпараттық негізді қалыптастырып отыр.

Жаңа әдістер пен технологияларды ендіре отырып, халықаралық стандарттар мен үздік шетелдік тәжірибелердің негізінде мемлекеттік статистиканы жетілдіру арқылы статистиканың жаңа дамыған жүйесіне қол жеткізілді.

Департамент тарихында тәуелсіздік алғаннан кейін, алғаш рет 1999 жылы (халық санағының қорытынды мәліметі бойынша облыс халқының саны 624991 адамды құрады), екінші рет 2009 жылы (облыс халқының саны 678794 адам) және 2021 жылы (облыс халқы – 814931 адамды құрады) Қазақстан Республикасының Халық санағына қатысуы, сонымен қатар 2006 жылы Бірінші ауылшаруашылық санағын жүргізуі маңызды оқиға болды. Сонымен қатар, бес жылда бір рет жүргізілетін мультииндикаторлық кластерлік зерттеулерге (МИКЗ) қатысты. ҚР Үкіметі және БҰҰ (ЮНИСЕФ) балалар қорының бірлескен бағдарламасы аясында жаңуы денсаулығы, білім және бала тәрбиесі бойынша бірегей зерттеулер жүргізілді. ҚР Президенті жанындағы әйелдер және жанұялық – демографиялық саясат ісі бойынша ұлттық комиссиясының және ҚР Сыртқы істер министрлігінің халықаралық ынтымақтастық департамент өкілдерінің қатысуымен «Тұрақты дамудың гендерлік мақсаты» конференциясы өтті.

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылы еліміздің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған ауқымды статистикалық зерттеу – Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізілді.

Ауыл шаруашылығы санағы – бұл еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет. Осы тұста, Сыр халқының санаққа қатысу белсенділігі жақсы байқалғанын атап өткім келеді.

Бүгінгі таңда, статистикалық ақпараттарды жинау және өңдеу барысында жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолданамыз.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында Қазақстан дамуының негізгі бағыттарын айқындап берді. Онда Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нығайту, цифрландыруды шыныдыққа айналдыру және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға деген ұмтылысты күшейту керектігі бойынша тапсырмалар берілді.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі кезең – цифрлық технологиялардың, онлайн қызметтердің қарқынды даму заманы, «ақылды» шешімдерді ендіру уақыты. Қазіргі таңда онлайн жобаларды тиімді жүзеге асыру – басты мақсаттардың бірі.

Цифрландыру бағытындағы жұмыстар статистика саласының эталондық стандарты аясында бағаланады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ең басты мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану мен жетілдіру арқылы экономикалық бәсекеге қабілетті ету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Осы бағытта, респонденттерге қолайлы жағдай жасау мақсатында «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсету аймағы жанартылып, электронды кезек терминалы орнатылды, ақпараттық кеңес беру мен құжат қабылдау үдерісі оңтайландырылды. Жанартылған «Бір терезе» аймағы Мемлекеттік статистиканың 105 жылдығына орай, саға ардагерлерінің қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Жалпы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында департамент ғимаратында арнайы мұражай ашылды. Өткенін білмей, қазіргі мен болашағын бағалау мүмкін емес. Біз өткеннен тәжірибе алып, жастарға кәсіби сабақтастықты сақтау және тарихи жадыны дәріптеуді насихаттауға бағыт-бағдар беруге міндеттіміз.

Ұлттық статистика бюросының Мемлекеттік статистиканың 105 жылдығын өткізу жоспарына сәйкес, департамент тарапынан жылдың басынан бері бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді. Бүгінгі күнде ресми статистиканың дамуы мен түленуі ісінде мемлекеттік статистика органдарының барлық министрліктер мен ведомстволар, жергілікті атқару органдары, ғалымдар, респонденттермен және басқа да пайдаланушылармен өзара қарым-қатынас құруы өте маңызды іс екенін айта кеткім келеді.

Қайрат ӘБСҰЛТАНОВ,
ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының
Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы

/// ТЕМІРБЕК МАТАЕВ – 80

Сырдың самалы соққан сайын Сыр елі перзенттерінің ерен еңбегі мен өнегелі өмір жолы көз алдыға келеді. Бұл киелі өңірдің әр түйір топырағы талай тұлғаның табан ізін сақтап, ел игілігі үшін төккен маңдай терін еске салады. Сол ел мақтаныштарының бірі – құрылыс саласының майталманы, өз заманының тынысымен еселі еңбек етіп, елге танылған абзал азамат, парасатты тұлға Темірбек Матайұлы Матаев.



Темірбек Матайұлының өмір жолы – ерен еңбектің, зор жауапкершілік пен адамгершіліктің жарқын үлгісі. Қай жерде, қай қызметте жүрсе де, Темірбек аға өз ісіне бар ынтасымен беріліп, ел дамуына өзіндік үлесін қосты. Мамандығына лайық еңбек етті. Оның қолтаңбасы бар құрылыс нысандары тек бетон мен кірпіштің жиынтығы емес, елге деген сүйіспеншіліктің, азаматтық борыштың көрінісі.

СЫРЛЫ ДА САЛИҚАЛЫ ҒҰМЫР ИЕСІ

Биыл ел ағасы сексеннің сеңгіріне шығып отыр. Сексен жыл – бір адамның ғұмыры ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. Бұл уақыт Темірбек ағамыздың өмірінде ел тарихымен сабақтасып, маңдай термен жазылған еңбек жылдарының жылынамасына айналды. Ол өмірдің талай белесін сабырмен еңсеріп, әр кезеңнің өз қиындығы мен қуанышын көріп, бөрінен де адамдық абыройын биік ұстап шыққан азамат.

Осыдан сексен жыл бұрынғы кезге көз жүгіртсек. 1945 жылдың қараша айы. Сыр бойын баяу жел тербеп, тарихы терең Қазалы қаласының қоныр топырағынан жаңа өмір есік ашқан сәт. Сол күні дүниеге келген сәбидің есімі Темірбек деп қойылды. Бұл есімнің өзінде бір берік мінез, төзім мен табандылықтың белгісі бар еді.

Темірбек сәбидің балалық шағы сол киелі Қазалы шаһарының қасиетті топырағында, бұрқырап аққан Сыр өзенінің бойында еңбекпен тыныстаған ауылда өтті. Әкесі Матай Нұрымбетұлы мен анасы Айша Бұхарбайқызы ұрпағына өнеге болған еңбек адамдары, мейірімі мен тәлімді тәрбиесі арқылы балаларының бойына адамгершілік дәннен еккен ынабатты жандар болатын. Осындай ұлағатты ортада өскен бала ерте жастан ақ тектілікті бойына сіңіріп, адалдық пен еңбекқорлықтың қадірін түсініп, үлкен өмірге деген ынтызарлықпен ер жетті. Қазалыда мектеп қабырғасында жүргенде ақ оның зеректігі мен жауапкершілігі мұғалімдер назарынан тыс қалмады. Әр сабағын үқыппен тыңдап, тапсырманы уақытында орындап, сыныптастарына үлгі бола білді. Сол жылдары-ақ оның көзінен өмірге деген талпыныс, елге пайдам тигізе деген ізгі ниет байқалатын.

Мектепті ойдағыдай аяқтаған жас жігіттің арманы – туған елдің өркендеуіне үлес қосу еді. Сол мақсатпен ол Қызылордадағы Гидрометеорология техникумына оқуға түседі. Бұл сол кезең үшін ел экономикасы мен ауыл шаруашылығына аса қажет мамандықтардың бірі болатын. Темірбек осы оқу орнында инженерлік ойлау қабілетін дамытып, «техник-механик» мамандығын үздік меңгеріп шығады. Сол уақыттар ел еңесінен қайта тіктеп, соғыстан кейінгі жылдардың әлі де ауырталпығын еңбекпен еңсеріп жатқан кезең. Жастардың бойында отан-сүйгіш рух, еңбекке құлшыныс ерекше болатын. Міне, осындай өр рухты, белсенді жастардың алдыңғы сапында жүргендердің бірі Темірбек Матайұлы еді. Ол өзінің мамандығын тек күнкөріс құралы емес, ел игілігі үшін қызмет ету жолы деп қабылдады.

Темірбек жас маман ретінде алғашқы еңбек жолын ауыл шаруашылығына қатысты нысандарда слесарь, десятник, мастер, прораб қызметімен абыроймен бастады. Су арналары мен бөгеттер салу, жерді игеру, ел тіршілігіне ауаттай қажет су жүйелерін салу, жөндеу жұмыстары – оның күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Күннің аптабы мен желдің өтінде жүріп, ол нағыз өмір мектебінен өтті. Оның еңбегі қарапайым болғанымен,

маңызы зор еді – халықтың тұрмысын жақсартып, тіршілігіне нәр берді.

1965-1968 жылдар аралығында ол азаматтық борышын өтеу үшін Калининград облысына аттанып, Мамонов қаласында Отан алдындағы жауынгерлік қызметін атқарды. Әскер қатарында да адалдық пен тәртіптің үлгісін көрсетті. Қай ортада жүрсе де, қазақ баласына тән еңбекқорлық пен сабырлық бойынан табылатын ол әскерде бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары, аға сержант шеніне көтеріліп, өз міндетін абыроймен атқарып шықты. Елге оралған соң, Темірбек аға қайтадан туған жердің игілігі үшін еңбекке кірісті. Еселі еңбек пен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында елеулі нәтижеге жетіп, озаттар қатарынан көрінді. Қызылорда қаласындағы мықты өндіріс орны – «Қызылорда құрылыс» тресінде комсомол ұйымының хатшысы, прораб болып, «Қызылордасовхозводстрой» бірлестігінде аға инженер, ПМК-27 мекемесінде басшы орынбасары, ПМК-15 мекемесінде басшы қызметтерін атқарып, өңірдің құрылыс саласының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосты. Осы жылдары өз мамандығын жетілдіру мақсатында еңбектен қол үзбей жүріп, Жамбыл гидрометеорология институтының Қызылордадағы филиалына түсіп, «Инженер-гидротехник» мамандығын иеленді. Ағамыз құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ұзақ жыл еселі қызмет етіп, еңбектің көрігін қыздырып, зейнет жасына дейін қаламыздағы «Шұғыла» құрылыс жөндеу басқармасында басшы қызметін жасап, көпқабатты тұрғын үйлердің халыққа жақсы қызмет көрсетуіне сүбелі үлес қосты.

Қызылорда қаласының көшелерімен жүрсеніз биік үйлердің кірпіші мен іргетасынан сол бір адал еңбектің табын сезесіз. Себебі бұл қаланың талай ғимараты – Темірбек Матайұлының басшылығымен тұрғызылған нысандар. «Қаладағы құрылыстарда сіздің қолтаңбаныз бар» деген сөз ол кісіге мақтан үшін емес, өмір шындығы ретінде айтылады. Өйткені сол еңбекте оның жастығы, күш-қайраты, өмірінің ең белсенді кезеңі қалды. Оның басшылығымен бой көтерген көпқабатты үйлер бүгінде Қызылорданың келбетін айшықтап тұр.

Темірбек Матаев ешқашан атақ іздеген жан емес. Бірақ еңбегі мен адалдығы ел назарынан тыс қалмады. Кеңес дәуірінен бастап, Тәуелсіздік жылдарына дейін оның есімі құрметпен аталды. Мемлекеттік медальдар мен төсбелгілер, министрлік пен облыс әкімдігінің алғыс хаттары соның айғағы. Бірақ ол үшін ең үлкен марапат – халықтың ризашылығы еді. «Біреуге көрсетіп, біреуден мақтау күтпеген» деген сипат дәл осындай азаматтарға арналған. Ол кеуде керіп мақтанбай, қарапайымдылығымен көпке үлгі бола білді. Туыстарының, құда-жекжаттарының ұйытқысы болып, қуаныш-реніштерінде қызмет көрсетіп, жастарға, өзгелерге үлгі болды. Темірбек ағамыз бен жеңгеміз Әзизаның кенпейілділігі болар талай туыстың балаларын тәрбиелеп, білім

алуына атсалысты. Соның бірі – осы жолдардың авторы.

Бұл – Темірбек ағаның бір қыры ғана. Ол тек тас пен темірдің ғана емес, тарих пен тектіліктің де тілін түсінген жан. «Тамырынды тану – ұлтқа қызмет етудің бір жолы» деген өмірлік берік ұстанымымен өз тегінің шежіресін зерттеп, Кіші жүздің Әлімінен тарайтын Шекті руының Кішкене атасынан шыққан Дәулетияр бабасының есімін ұрпақ жадында жаңғыртты. Бабасының жерленген орнын тауып, бейітін белгілеп, оған ескерткіш қойғызуға бастамашы болды. Бұл рухани жаңғырудың, елдік пен ұлтқа құрметтің айқын көрінісі еді.

Жалпы Матай әулеті – Сыр өңірінің тарихында өзіндік із бар, енесі де еңбекқор әулеттердің бірі. Әулеттің бастауы – елге сыйлы, адал еңбегімен абырой тапқан Матай Нұрымбетұлы мен Айша Бұхарбайқызында жатыр. Бұл қос шаңырақ иесі бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, бес ұл мен бір қызды ізгілікке, білімге, еңбекқорлыққа бауылған ардақты ата-ана еді. Тектіліктің туын биік ұстаған әулеттен шыққан ұл-қыздар түрлі салада табысты еңбек етіп, ел құрметіне бөленді. Әулеттің тұңғышы Алдаш Матайұлы (1909-1976) өз дәуірінде ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарып, елдің мұң-мұқтажын шешуде ерекше еңбегімен көзге түсті. Ұлы Отан соғысы жылдарында да, бейбіт кезеңде де ауыл шаруашылығын дамытуға бар күшін арнаған, жұрт сыйлаған азамат болды. Інісі Мұстафа Матайұлы (1933-2017) – Сыр елінен шыққан алғашқы философтардың бірі. Философия ғылымдарының кандидаты, профессор, академик. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ұзақ жыл дәріс беріп, саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнаған ұлағатты ұстаз. Ол Қазалы ауданының және Қызылорда қаласының құрметті азаматы атанды. Матайқызы Мария (1936-2002) – ауыл шаруашылығы саласының майталманы. Қарауылтөбе ауылындағы тәжірибе шаруашылығында абыройлы қызмет етіп, еңбегімен ел алғысына бөленген еңбек ардагері. Өмірін еңбекпен өрнектеп, ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Матайұлы Әмірхан (1937-1985) – облысқа белгілі инженер-технолог. Қызылорда қаласындағы ет комбинатының бас инженері қызметін атқарып, өңірдің азық-түлік өнеркәсібін дамытуға зор үлес қосқан. Қысқа ғұмырында қажырлы еңбегімен ел есінде қалған азамат. Матайұлы Өмірбек (1949 ж.т.) – техника ғылымдарының кандидаты, доцент. Ғылымға өмірін арнаған ұстаз. Қызылорда мен Алматы қалаларындағы жоғары оқу орындарында дәріс беріп, талай шәкірттің жүрегіне білім нұрын сепкен ғалым.

Ал әулеттің келіні, Темірбек ағаның жұбайы, жеңгеміз Исламбайқызы Әзиза Жалағаш өңірінің тумасы, даңқты діни білімді, атақты ұлағатты ұстаздар тәрбиелеген, данышпан Қалжан ахунның шөбересі, отбасының ұйытқысы. Еңбек жолын халық тұтыну саласында бастап, жеңіл өнеркәсіп саласында табысты қызмет еткен. Қызылорда қаласындағы тоқыма фабрикасында қажырлы еңбегімен зейнет жасына абыроймен жеткен азаматша. Ол ұл мен қыздардың ардақты анасы, немерелердің мейірабан әжесі. Олардың ұлы Нұрлан, қыздары Айжан мен Зәуре қазіргі таңда Қызылорда мен Алматы қалаларында тұрып, өз отбасыларында өнегелі ата-ана, еңбекқор кәсіпкерлер ретінде өмір сүріп келеді.

Сексен жас саналы ғұмырдың биік шыңы, өмір мектебінің университеті десек, сол бір өзі бір университетті ағамыз Темірбек Матайұлымен жүздескен сайын оның бойынан қайрат пен қажырдың, өмірге деген құлшыныс пен рухтың лебі есіп, жігерлендіре түседі. Сондықтан да болар замандастарының «Темірбек Сыр елінің сырлы да салықалы азаматы ғой, еңбегімен елеген ер емес пе» деп ыстық лебіздерін білдіріп жататыны.

Ұрпағыңызға үлгі, елге тірек ақ сақалды абыз қария болып жүре беріңіз дегіміз келеді.

Күмісбай КОСЕКЕЕВ,
Қазақстан Республикасы сот-прокуратура органдарының ардагері, әділет кеңесшісі

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Жаһандану дәуірінде тіл мәселесі әр мемлекеттің күн тәртібіндегі маңызды тақырыпқа айналды. Әлемдік ақпараттық кеңістіктегі түрлі өзгерістер, ұлттар мен мәдениеттердің араласуы кейде тілдің қолдану аясын тарылтуы мүмкін. Алайда мемлекеттік тілдің тірі ағза секілді дамуы, қоғаммен етене байланыста болуы оны сақтап қалудың басты жолы саналады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде орнығуы – тәуелсіздіктің басты жетістіктерінің бірі. Кеңестік кезеңде шектеуге ұшыраса да халқымыз озынған ана тілін жүрек түкпірінде сақтап қала білді. Тәуелсіздік алғаннан кейін тілдің мәртебесін қолтаңбаға көптеген заң, бағдарлама қабылданды. Бұл қалалар тілді құрметтеудің айқын көрінісі ғана емес, сонымен қатар оны болашақ ұрпаққа жеткізудің сенімді кепілі бола алды. Кез келген азамат оның азаматтық жауапкершілігі ретінде мемлекеттік тілде сөйлеп, жаза алуға міндетті деп санаймын. Себебі тілді меңгеру

– тек тіл мамандарының немесе этникалық қазақтардың міндеті емес, Қазақстан Республикасының әрбір азаматының борышы.

Мемлекеттік тілді дамыту бағытында мектептерде, жоғары оқу орындарында түрлі әдістемелер, инновациялық бағдарламалар енгізілуде. Көптілділік саясаты да тілдердің өзара байланысына, жастардың әлемдік білімге қол жеткізуіне жол ашып отыр. Дегенмен, бұл саясат қазақ тілінің роліне нұқсан келтірмеуі қажет. Керісінше, қазақ тілі білім мен ғылымның негізгі тіліне айналуы тиіс. Ол үшін тілді тек тұрмыстық деңгейде емес, кәсіби салада, цифрлық технологияда, халықаралық ғылым кеңістігінде белсенді пайдалануға ұмтылуымыз қажет.

Жастардың бойында тілге деген мақтанш сезімін оятуы – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Мектеп қабырғасынан бастап мемлекеттік тілдің құдіретін сезініп өскен ұрпақ болашақта елдің дамуына үлес қосарды. Қазақ тілінде сөйлеген әрбір жас – тәуелсіздіктің тірегі.

Біз өз жерімізде өмір сүріп отырып, өз тілімізді дамытуға міндеттіміз. Егер бір ұлт өз тілін ұмыта бастаса, ол ұлттың рухани тәуелсіздігі мен мәдени тұтастығы әлсірейді. Сондықтан тілдің тағдыры әрқайсымыздың қолымызда.

Қазақ тілін сүйген адам – Отанына адал жан. Әрбір қазақстандық осы ұстанымды берік ұстанса, қазақ тілінің болашағы жарқын болары сөзсіз. Мемлекеттік тілдің өркендеуі ең алдымен қоғам мүшелерінің оған деген көзқарасына байланысты. Тілді қадірлеу тек ресми шараларда ғана көрініс табуы жеткіліксіз. Ол күнделікті тұрмыста, қоғамдық ортада, отбасында қолданысқа түскенде ғана тілдің болашағы жарқын болмақ. Бүгінгі таңда көптеген ата-ана балаларын балабақшадан бастап қазақ тілінде оқытуға мән беруде. Бұл – тіліміздің қолдағы аясын кеңейтудің ең тиімді жолдарының бірі. Себебі бала тілді жас кезінен игерсе, ол оның ойлау жүйесін қалыптастырып, ұлттық мәдениетті тезірек иге-

руге мүмкіндік береді. Сонымен бірге мемлекеттік тілдің беделі оның экономикалық және әлеуметтік салада қолданылуымен де өлшенеді. Мысалы, кәсіпкерлік, бизнес, цифрлық индустрия салаларында қазақ тілі кең ауқымда дамыса, бұл тілдің заман талабына бейім екенін дәлелдейді. Жаңа технологиялық терминдерді қазақша сөйлеу кеңістігіне енгізу қажеттілігі тіліміздің байлығын арттырып қана қоймай, әлемдік ғылым тілдерінің қатарынан табылуына жол ашады. Мұндай жаңғыру тілдің табиғи дамуының көрінісіне алып келеді.

Мемлекеттік тіл – менің тілім! Мен қазақ тілінде сөйлеуді мақтанш санаймын. Ана тілім арқылы өз ойымды анық жеткізе аламын, ұлттық мәдениетімді танып қана қоймай, оны дамытуды, өзімнің міндетім деп білемін.

Н.ИТЕЛҒИЕВА,
облыстық әділет департаменті әкімшілік бөлімінің бас маманы

АЛАЯҚТАР РӘСІМДЕГЕН НЕСИЕ немесе БАНКТЕРГЕ ҚАНДАЙ ТАЛАП ҚОЙЫЛДЫ?

ҚАРЖЫЛЫҚ КАУПСІЗДІК КАЙ ДЕНГЕЙДЕ?

Жалпы бұл құжаттың мақсаты – қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын күшейту, клиенттердің дербес деректерін қорғау деңгейін арттыру және киберқауіптерге жедел ден қою жүйесін жетілдіру. Қаулы нормаларының бір бөлігі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 10 күн өткен соң күшіне енеді. Қаржы ұйымдарының ақпараттық қауіпсіздік жөдел орталықтары «Qainar» ақпараттық қауіпсіздік және оқыс оқиғалары туралы ақпаратты өңдеудің автоматтандырылған жүйесін пайдалану тәртібі нақтыланады. Олардың ішіндегі негізгі өзгерістерге тоқталып кетейік. Банк мобильді қосымшасында бұрын тіркелмеген құрылғы арқылы клиентті қайта аутентификациялау тәртібі белгіленеді. Микрофон қосылған кезде мобильді банкингті бұғаттау талабы енгізіледі. Ақпараттық қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін технологиялық оқиғалар тізбесі кеңейтіледі. Банк инфрақұрылымы істен шыққан жағдайда уәкілетті органды «Qainar» жүйесіне балама ретінде телефон арқылы хабарлау мүмкіндігі енгізіледі. Тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес, банк бөлімшелеріндегі ақпараттық қауіпсіздік пен алаяқтыққа қарсы күрес функциялары бөлінеді. Банктердің ақпараттық қауіпсіздік жүйесіне сыртқы тексеру кемеінде үш жылда бір рет жүргізіледі. Сарапшылардың айтуынша, жаңа талаптар қаржы ұйымдарының цифрлық тұрақтылығын арттырып, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға серпін бермек.

Көп адам заңдағы бар нормалар мен өздерінің проблемалық қарыздарын есептен шығару мүмкіндігі туралы біле бермейді. Сондықтан мамандар проактивті механизм енгізуді жоспарлап отыр. Мысалы, егер ұзақ мерзімді қарыздың болып, несиеіні өтеуге мүмкіндігіңіз жоқ болса, сізге push-хабарлама келеді. Онда осы тетік арқылы өз қарызын есептен шығара алатыны көрсетіледі. Қазіргі уақытта мұндай push-хабарламалар форматын агенттік пен Қаржы министрлігі бірлесіп әзірлеп жатыр. Агенттік басшысы мұндай жағдайларда соттан тыс және сот тәртібімен қарызды есептен шығару рәсімдері қарастырылатынын атап өтті.

САУЫСКАНДАЙ САҚТЫҚ КЕРЕК

Интернеттің дамуымен қатар, алаяқ қылмыскерлер де адамдардан ақша жымқырудың жаңа тәсілдерін ойлап табады. Қолында телефоны бар кез келген адам интернет-алаяқтардың құрбаны болуы әбден мүмкін.

«Осы қылмыстардың алдын алу мақсатында, құзырлы органдар халық арасында сақтық шараларын үнемі ескертіп, нәтижелерін әлеуметтік желілерде кеңінен жариялауда. Соған қарамастан, ескертулер мен түсіндірмелік жұмыстарға ден қоймай, алаяқтардың құрығына түсіп жатқан аза-

маттар азаймай отыр», – дейді полиция департаменті тергеу басқармасының киберқылмыстарды тергеу бөлімінің бастығы Айдос Ақбаев.

Әлеуметтік желілерде тоқтаусыз шыға беретін жарнама мен бейнеундеу өте көп. Жарнамаларға тоқтай қалсаңыз, мәтінін жартылай айтып, толығырақ білу үшін подробный батырмасын басуды ұсынады.

Одан бөлек, бейнероликтерде елге белгілі тұлғалардың бейнесін пайдаланып, дауыстарын компьютер арқылы өзгертіп, инвестицияға қаражат салуды немесе онай жолмен баюды насихаттайды немесе алаяқтарға алданып қалған болсаңыз, қаражаттарыңызды кері қайтарып алуға көмек көрсетеміз деп, жалған жарнамалар жариялайды. Олар елге танымал тұлғалар мен ірі бизнесмендердің, әншілердің жалған бейнелерін пайда-



Сурет ашық дерексөзден

ланады. Мұндай бейнероликтердің барлығын алаяқтар халықты алдау үшін қолданады.

Оларға алданып қалмаудың қандай жолы бар? Айдос Ақбаевтан сұраған едік.

– Біріншіден – интернет алаяқтар қоңырау шалғанда орыс тілінде сөйлейді, қазақ тілінде жауап берсеңіз олар сізді түсінбейді, яғни әрі қарай сөйлесуді жалғастырмай байланысты үзген жөн. Бұл алаяқтардың құрығына түспеудің ең басты шарты десек те болады. Қазіргі кезде болып жатқан алаяқтық қылмыстарының 70%-ы SMS кодтан басталады. Сіз күдіктеніп қалмауыңыз үшін, алаяқтар алдын ала SMS код жолдап, артында сізге қоңырау шалады. Қоңырауын қабылдап сөйлесіп бастасаңыз, орыс тілінде «почтамен зат келіп тұр, немесе sim-картаныздың мерзімі өтіп тұр, емханаға тіркелу қажет немесе су-жарық жүйесіндегі қарызды төлеу, счетчиктерін ауыстыру қажет» деп, алдын ала ойластырған айласын қолданады. Осы кезде ойыңызда ештен жоқ сіз кодты айтып қоясыз. Артында, басқа нөмірден қоңырау шалып, өздерін банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып, сіз алаяқтарға код айтып қойыпсыз, атыңыздан алаяқтар несие алып жатыр деп қорқытып, түрлі банктерден несие рәсімдетіп алады. Сөйтіп, жәбірленушілер алаяқтың айтқан нұсқауларын орындап, өзінің атынан несие рәсімделуіне жол береді. Естеріңізде болсын, код арқылы ешқашан несие алынбайды, ол үшін фото-видео-верификация өтуіңіз керек, ал код айтып қойыпсыз дегені, бұл – жай ғана алаяқтардың сізді қорқыту айласы, – дейді ол.

ДРОППЕРДІҢ ДІТТЕГЕНІ НЕ?

Тағы бір өзекті мәселе, осы интернет-алаяқтық қылмыстарына қатысты «дроппер» деген жаңа ұғым пайда болды. «Дроппер» дегеніміз қарапайым тілмен айтқанда, интернет-алаяқтарға көмек көрсетуші немесе интернет-алаяқтық қылмысқа қатысушы деген мағынаны білдіреді. Алаяқтар жәбірленушілердің шотындағы қаражатты, басқа біреудің, яғни, «дроппердің» банктік картасын немесе есепшотын пайдалану арқылы, шетелдік есепшотқа аудартып алады немесе банкоматтан қолма-қол шешкізіп алады. Осы қылмыстардың алдын алу мақсатында, алаяқтарға көмек көрсетуші дропперлерге қатысты Қылмыстық кодекске жаңа 232-де 1-бабы енгізілді. Енді кінәлілер 160 есептік көрсеткіштен бастап, яғни 629 мың айыппұл аркалап немесе жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Одан бөлек, арызданушылар осы дропперлерді Азаматтық кодекстің 953-бабына сәйкес сотқа беру арқылы, өзіне келтірілген шығынды толықтай өндіріп алады.

Дропперлерге қатысты тағы бір шектеу, олардың есепшоттарына қатысты бұғаттау енгізіліп, тергеу барысында толық мән-жайлар анықталғанға дейін бұғаттан шешілмейтін болады. Бұл жеке апаратыңызға да кесірін тигізеді. Онда қылмыстық жауапкершілікке тартылған деген «таңба» тұратынын біле жүргеніңіз абзал.

Тағы бір мынадай жайтты құқық қорғау қызметкерлері ескертеді. Кей адамдар алаяқтарға сеніп, өз атына sim-карталармен WhatsApp, Telegram желілерінде тіркеп беріп жатады. Мысалға айтар болсақ, әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерде жұмыс бар деген жарнамалар ұсынады, байланысып сұрасаңыз, жұмыс шарты оп-оңай, яғни банкомат карточкаңызды немесе реквизиттерін бересіз, ал сізге әр аударымнан 5 мыңнан 50 мың теңгеге дейін ақша төлеп отыруға уәде береді. Ал шынында қылмыскерлер карточкаңызды, алданған азаматтардан немесе есірткі қылмысынан түсетін заңсыз қаражаттарды, өздерінің дідтеген мақсаттарына қолданады.

Қылмыстық кодекске енген жаңа бап бойынша, қылмысты алғаш рет жасаған, бұл туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ құқықбұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам егер оның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқықбұзушылық болмаса, заң алдында жауапкершіліктен босатылады.

Қысқасы, кейінгі күндері несие, алаяқтық, банк қызметін жүйелендіру туралы қоғам өзекті талқылауларды көріп отыр. Бұл сенің сөгілгені ме? Сарапшы-қаржыгерлер пайымын тағы да таразылап көрерміз.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қазақта жасындай жарқылдаған азаматтар аз болмаған. Олар жас болса да артында үлгі боларлық із қалдырған. Қысқа ғұмырында өліне елеулі еңбек етіп үлгерген. Сондай азаматтың бірі – Зал Аяғанов.



Ол 1968 жылы Қармақшы ауданы, Ақжар ауылында өмірге келген. Әкесі Қыпшақбай мен анасы Шолпан Аяғановтар еңбек адамы. Күріш шаруашылығын кәсіп еткен. Анасы тыл ардагері, он баланы дүниеге әкелген алтын құрсақты жан. Еңсесін еңбекпен тіктеп, ұрпақтарына да адал жұмыс істеуді, тек алға ұмтылып,

ЖАЛТ ЕТКЕН СӘУЛЕ

елге қызмет етуді үлгі еткен ата-анасы балаларына өнегелі тәрбие берді.

Бала кезінен қабілеті ерекше ол ауылдағы мектепті 1985 жылы бітіріп, әскерге аттанды. Отан алдындағы борышын 1985-1987 жылдары Бакуде өтеді. Елге аман-есен оралғаннан кейін 1988 жылы Жамбыл гидро-мелиоративтік-құрылыс институтының құрылыс факультетіне түседі. Оқуын ойдағыдай аяқтап, қолына дипломын алады. Жас маман еңбек жолын инженерлікпен бастайды. Ұқыптылық пен табандылыққа жаны құмар ол істің көзін табады. Аз уақыт ішінде алғырлығы мен іскерлігін дәлелдеп шығады. Осылайша 1996 жылы ұн шығару зауытының директоры болды. Ұжымда іскер басшы ретінде танылды. Әріптестерін өзімен тең көріп, ортасына сыйла азамат атанды.

Оның есімі де ерекше – Зал. Тұрмағамбет Ізілеуұлының «Шахнама-сын» жаттап өскен әкесі ұлының есімін дастандағы батырдай болсын деген ниетпен қойыпты. Ал інісінің есімі Сам. Қопбалалы отбасында өскендіктен өте бауырмал болды. Оларға қамқорлығын, жанашырлығы мен мейірімділігін үнемі көрсетіп, қолдайтын. Туған әпкесі Бақыт Аяғанова бауырының жастайынан зерек, алғыр болғанын айтады.

– Алдына қойған мақсаты биік еді. Жаксы оқыды, борышын өтеді. Жоғары білім алды. Ол бауырмал болатын. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білді. Үнемі бауырларының басын қосып, жақындарын жинағанды жақсы көретін. Әзіл мен айналасын күлдіріп, термені төгіліп айтатын. Өзгелер оның парасаттылығына, алғырлығы мен біліміне танданатын. Оның ой-өрісі, біліктілігі, рухани байлығы, ағайынға деген ыстық ықыласы мен аккөңілдігі еріксіз баурайтын. Жас болса да қолынан іс келетін. Туабытты болмысы бөлек еді. Қайсар мінез, адалдық оған тән қасиет. Ортасына да сыйлы болатын. Қай жерде болмасын адал қызметімен, адамгершілігімен абыройлы еді, – дейді ол.

Қазақта «сенің кім екеніңді айтайын, жолдасыңды көрсет» деген ұғым бар. Бұл сөздің астарында үлкен мән жатыр. Аппал азаматтың өмірде сырласатыны, бауырындай болған достары да көп еді. Соның бірі – белгілі жырыш Берік Саймағанбетов. Ол досы туралы естелікте: «Зал – өмірде де атына сәй кайратты, әділ, сөзіне берік, жаны жомарт азамат. Біз екеуміз жастық шағымызды, арман мен үмітке толы студенттік жылдарымызды бірге өткіздік. Ол 1988 жылы Жамбыл гидро-мелиоративтік-құрылыс институты құрылыс факультетінің ППС (өндірістік және азаматтық құрылыс) мамандығына оқуға түсті.

Ал мен сол уақытта музыка факультетінде білім алып жүрген едім. Институт қабырғасында басталған таныстығымыз аз уақытта шынайы достыққа, бауырлық байланысқа ұласты. Ол сабырлы да салмақты, сонымен бірге әзілге де жақын, көңілді жан болатын. Студенттік жылдардағы қызықтарымыз, жатақханадағы ұзақ түнгі әңгімелер, ауылға бірге барған сапарларымыз – бәрі көз алдыма. Ол әр ісіне жауапкершілікпен қарап, айналасына қамқор болуды азаматтық парыз деп білетін. Оқуды тәмамдаған соң, еңбек жолын «Ай-Дан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде инженер болып бастады. Іскерлігі мен табандылығының арқасында 1996-2000 жылдары сол кәсіпорындағы ұн шығару зауытының директоры қызметін атқарды. Ұжымға оны сыйлап, әріптестері жоғары бағалайтын. Алайда тағдырдың жазуы қатал болды. 2001 жылы ол қапыда қаза тапты. Жастықтың отындай жарқыраған өмірі аяқ-астанан қиылды. Сол суық хабар әлі күнге дейін жүректі сыздағайды. Міне, биыл досымның өмірден озғанына жиырма бес жыл толыпты. Бірақ менің жүрегімде ол сол баяғы күлімісіреген, арманшыл, адал кейпінде мәңгі сақталған» деп жазыпты. Ал бірге қызметтес болған әріптесі Кісенбай Бекбаев оның жайсаң мінезді, сырбаз азамат екенін айтады.

– 1997 жылы «СырдарияМұнай» АҚ бас есепшісі болып қызметке орналандым. Шұмыс барысында Зал Аяғановпен таныстым. Ол зауыт басшысы еді. Ісіне тиянақты, талапшыл, жауапкершілігі мол жан болатын. Тез тіл табысып, қызметтес болдық. Сол уақытта байқағаным, жүрегі кең, мейірімді, жаны жақсылыққа құмар, кез келген адамға көмегің де аямайтын. Өткен, өмірі келте болды. Келешегі жарқын, бағындырар белесі, алар асуы биік, нағыз елдің қамын ойлайтын азамат болар еді, – дейді ол.

Міне, осы естеліктер арқылы оның қандай азамат екенін айтыпасақ та белгілі. «Жақсының аты өлмейді» дегендей бүгінде оның артында ізін жалғайтын екі қызы бар. Арайлым мен Айдаана. Олар әкесі қайтқанда 5-6 жасына ғана еді. Қазір екеуі де жоғары білім алып, үлкен өмірге қанаттанған. Үлкен қызы Арайлым әке жолын мұрат тұтқан. Құрылыс саласында еңбек етуде. «Жақсы айдол отбасының алтын керегесі» дегендей жары Құрма балаларын қатарынан қалдырып, оқытып-тоқытып, шаңырағының отын өшірмеді.

Залдың арманы көп еді. Бірақ оны артында қалған ұрпағы жалғастырып келеді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

АЛТЫН БАҒАСЫ АСПАНДАП БАРАДЫ

бағалы металдың құны төмендеуі мүмкін.

Жалпы «алтын қорына» бай мемлекеттер тізімін Америка бастап тұр. АҚШ – 8133,5, одан кейін Германия – 3352,3 тонна. Халықаралық валюта қоры – 2814 тонна. Одан кейін Италия (2451,8 тонна) мен Франция (2437 тонна), Ресей – 2332,74 тонна. Қытай – 2257,5 тонна. Ал Швейцарияда 1040 тонна болса, Жапония (846 тонна) мен Үндістанда 817 тонна алтын бар.

«Дүниежүзілік Алтын кеңесінің» (World Gold Council) мәліметі бойынша, 2022 жылдың 1 маусымында Қазақстанның алтын қоры 373,4 тонна болған. Қазір ол көрсеткіш 310 тоннаға дейін төмендеген.

Қазақстан Ұлттық Банкінің дерегі бойынша 2024 жылдың екінші тоқсанында елімізде жалпы салмағы 779,2 келіні құрайтын 14 752 құйма алтын сатылған. Халыққа тазартылған алтынның өлшеуіш құймаларын сату және сатып алу бағдарламасын Ұлттық Банк 2017 жылы іске қосқан болатын. Содан бері халыққа жалпы салмағы 7 тонна болатын 185 295 құйма алтын сатылған.

Еліміз алтынды сатып ғана қоймай,

сатып алу жөнінен де халықаралық деңгейде алдыңғы қатардан көрінеді. Мәселен, деректерге сүйенсек, былтыр Қазақстан алтын сатып алу бойынша Ресейден озып, әлемдік рейтингте төртінші орынға ие болды.

Жоғарыда мамандардың алтын құймаларын сатып алуға асықпау керек, себебі баға түсуі мүмкін деген ескертпесін айттық. Мамандардың болжамы дәл келгендей, алтын құны бір сәт қайта құлдырады. Нақтырақ айтқанда, баға 4 мың доллардан төмен түсті. 28 қазандағы мәліметке сәйкес, алтын фьючерстерінің бағасы 3 919,59 доллар болды. Тәуліктік төмендеу 2,49% немесе 100 доллардан асады. Соңғы аптада баға 4,81% арзандыған. Дегенмен бір ай ішінде алтын 3,31%, ал соңғы алты айда 17,6% қымбаттаған.

Сарапшылар құлдырауға доллардың күшейуі және облигациялар табыстылығының артуы себеп болғанын айтады.

Ал осы аптаның дүйсенбісінде Investing.com дерегіне, Еуропа сауда сессиясы барысында алтын фьючерстерінің құны қайта өсті. Нью-Йорк тауар биржасының COMEX бөлімшесінде

желтоқсан айындағы жеткізілетін алтын фьючерстері трой унциясына \$4020,95 бағасымен саудаланып, 0,61%-ға көтерілді. Сауда сессиясының ең жоғары көрсеткіші \$4059,90, ал төменгі шегі \$3925,10 деңгейінде тіркелді деп хабарлайды inbusiness.kz сайты. Басқа бағалы металдар да айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Атап айтқанда, күміс 0,59%-ға өсіп, \$48,44 болды. Мыс 0,08%-ға төмендеп, \$5,09 деңгейінде саудалануда.

Қысқасы, әлемдік нарықта алтын бағасы бірде көтеріліп, бірде түсіп, құбылып тұр. Базардағы зергерлік алтын бұйымдар да бағаны құбылтудан қалыс қалып жатқан жоқ.

«2024 жылдан бері алтын саудасымен айналысып келемін. Кәсіп бастаған жылдары грамы 2500 теңгеден сатылды, одан 6500 теңге болды. 6500 теңгеден 11-15 мың теңгеге көтерілді. Біраз жыл осы баға тұрақтады. Одан 20 мыңға жетті. 20 мыңнан бірден 45 мың теңгеге бір-ақ көтерілді. Кейінгі үш-төрт жылда алтын бағасы қатты өсті. Быыл қаңтар айының басында 42 мың болып тұрды да тамыз-қыркүйекте грамы 50 мың болып шарықтап шыға келді. Алтын

бағалы метал болғанын құны да жоғары болу керек деп ойлаймын. Бағаның бұлайша көтерілуі инфляциямен байланысты. Әлемдік биржада қалай бағаланады, солай сатамыз. Менің білуімше, алтын бағасы көтерілмесе төмендеген жоқ. Бұдан әрі де қымбаттай береді деп ойлаймын. Алтынның бағасы тез көтерілді ғой, бұлайша қымбаттай берсе алушы азаяр ма екен деп біз де уайымдап қалғанымыз рас. Бірақ олай емес екен. Алғашы көп. Көбісі ақшалай жинағаннан гөрі, алтынды сақтағанды дұрыс көреді. Нақты ақшаға алатындар да бар, бірақ бөліп төлеу арқылы жаксы өтеді» дейді аты-жөнін көрсетпеуді өтінген кәсіпкер.

Кәсіпкердің айтуынша, алтын бұйымдар саудасын қызу жүргізіп тұрған банкерлерге бөліп төлеу жүйесі. Ұнатқан затын 12, 24 айға бөліп төлеуге алып, қажетіне жаратуда. Бүгінде базарда шетелден келетін алтын бұйымдардың грамы 55 мыңнан сатылуда.

Әлемдік нарықты қайдам, құдалық, той-томалағы, алыс-берісі көп біздің елде бағасы аспандап жатса да, алтын саудасы тоқтамайтыны анық.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



Сурет ашық дерексөзден

Инвесторлар жаппай алтынға инвестиция жасап жатыр. Бұл өз кезегінде оның бағасының өсуіне себеп болып отыр.

Қазақстандағы алтын бағасы да әлемдік үрдістен қалыспай өсіп келеді. Ұлттық банктің деректеріне сәйкес, 16 қазанда 1 грамм алтынның бағасы тарихи жаңа рекордқа жетіп, 72 706,69 теңге болды.

Қазіргі ресми алтын бағамы былтырғы дәл осы күнмен салыстырғанда 74,86% жоғары. Былтыр осы кезде 1 грамм алтынның құны 41 578,86 теңге болған. Дегенмен сарапшылар алтын құймаларын сатып алуы немесе сатуы жоспарлан жүрген қазақстандықтарға аса мұқият болуға кеңес берді. Себебі

1-бет

 www.facebook.com/syrboyi.kz/		 https://twitter.com/syrboyi		 www.instagram.com/syrboyi_kz			
Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)		Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 22148 Тапсырыс №1900			
Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА							